



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Костанайская область

1. Алдабергенова Балнұр.....	2
2. Амиркулов Айдос	5
3. Бекмуратова Алия	9
4. Бекмухамбетов Диас	13
5. Берденова Гүлжан	16
6. Байманова Толқын	18
7. Жакиева Арай	21
8. Жанайдарова Раушан.....	23
9. Кенжебек Камиля	26
10. Кубжасарова Асемгуль.....	29
11. Қуандық Әли	32
12. Қами Гүлмира	35
13. Нұрсеитов Абылайхан	38
14. Сапарғалиева Ақерке	42
15. Сейтхан Асель	46
16. Сайлаубай Жаннұр	50
17. Секенова Мереке	52
18. Ткенов Берик.....	56
19. Турганова Нурия	58
20. Тұрсүнбек Қалима	61

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Алдабергенова Балнұр

Ы.Алтынсарин атындағы

Рудный әлеуметтік-гуманитарлық

колледжінің

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

мамандығының 2 –курс студенті

Қостанай облысы, Рудный қаласы

Жетекшісі: Жайлаубаева Индира Жұбатқанқызы

Менің Отаным – Қазақстан

Отан... Бұл сөз — әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Осы сөздің астарында қанша мағына жатыр десеңізші?! Отан дегеніміз — туып өскен жерің, Отан дегеніміз – 75 жыл Кеңес Одағының құрамында болып, дербестік пен тәуелсіздікті мүлде жоғалтқан қазақ халқының бастан кешкен тарихы, Отан дегеніміз — ел бірлігін, бостандығын, елін, жерін қайтсек сақтап қаламыз деп құрбан болған апаларымыз бен есіл ерлеріміз.

Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным — сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке — Қазақстан.

Қазақстан — тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер...еңбектенуде. Адамзат баласының татулығына ұмтылуы әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы.

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған Желтоқсан қаһармандары.

Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүние жүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Біріккен ұлттар ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болып дүние жүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарылып жатқан қыруар істері дәлел бола алады. Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан – 2030» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдеміз.

Қазіргі қазақ спортының дамуына халқымыздың асыл мұрасына айналған көкпар, қыз қуу, белбеу тартыс, арқан тартыс, күрес сынды ұлттық ойындар ықпал етті деп толықтай айта аламын. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, әнұранымызды өзге ұлт өкілдеріне тыңдатқан спортшыларымызды құрметтеу әр азаматтың борышы болып саналады. Қандай спорт түрі болмасын, халқымыз қайсарлық пен жігерлігімен көзге түсіп, сан сайыста жеңіс тұғырынан көрінетін. Бұған дәлел ретінде тарихтан білетін қазақ халқының мақтанышы Қажымұқан Мұнайтпасұлының, Балуан Шолақтың, Серік Қонақбаевтың жетістіктерін айтуға болады. Тәуелсіз алғаннан кейін азат еліміздің алғашқы спорттық жетістіктерін жайлы айтатын болсақ. 1993 жылы Қазақстанның хоккей құрамасы Словенияда өткен әлем чемпионатында қатысып, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы чемпион атағын Өскемендік Торпеда командасы еншіледі. 1995 жылы Қазақстанның құрамасы Азия ойындарында жеңіс тұғырына көтеріледі. Бұған қоса, еліміздің хоккей саңлақтары 1999 жылы Корей елінің Чангвон қаласында өткен Азия чемпионда үздік ойын көрсетті. Еліміздің былғары қолғап шеберлері жеңіс шындарынан талай рет көрінген. Парижде өткен ауыр атлетика біріншілігінде еліміздің көк байрағы желбіреді. Бұл жарыстың нәтижесі бойынша, 2012 жылы Лондондағы Олимпиада ойындарында өнер көрсететін спортшылардың есімдері анықталады. Париждегі жарыста 94 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Илья Ильин 407 келіні бағындырып, қанжығасына алтын медаль байлаған. Қыздардың арасында Зульфия Чиншало мен Майя Монежа ерекше көзге түскен. Қызу тартыста Зульфия

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қарсыластарынан басым түсіп, керемет өнер көрсеткен. Нәтижесінде елімізге алтын бұйырды.

Елбасымыз бен Үкімет басындағы ел үшін еңбек еткен ағаларымыздың еңбек етуі осы нұрлы күндерге жеткізді. Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдындағы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралар өткізілді. Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форумы, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақты. Ең бастысы, даму бағытын айқындап берді. Осындай көшелі істердің жалғасы ретінде Қазақстан 166 жылдық тарихы бар ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құқығын жеңіп алды. Алғашқы халықаралық көрмені Лондондық Гайд-паркте, арнайы жасалған әйгілі Хрусталь сарайы өткізген уақыттан бастап 2012 жылы 161 жыл толыпты. Бұл қатысушы – елдер қонақтарға өз өндірушілерінің шеберлігін және бірдей, бірақ әр-түрлі елде жасалған тауарлардың сапасын салыстыруға мүмкіндік бере отырып, ұлттық өндірістің заттарын бір жерде және бір мезгілде көрсетуге келісті. Бүкіләлемдік көрмелер өзінің ауқымы, жалпы саяси және экономикалық мәнділігі бойынша теңдесіз оқиғалар болып табылады. Басты мақсаты-жаңа ғылыми техникалық жетістіктер, даму келешегі, сондай-ақ қатысушы елдердің дәстүрлері мен тарихының жұрт алдындағы шеруі.

Қорыта айтқанда, «Отан — оттан да ыстық» деген дана халқымыз. Адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады. Тәуелсіз Қазақстан елінде тұрып жатқанымды мақтан тұтамын.

Сен барсың менің жанымда,
Көктемнің гүлі ашылған.
Балалық шағым қасында,
Тағдырым сенсің Қазақстан..

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Амиркулов Айдос

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
№18 мектеп-гимназиясы» ММ
5»А» сынып оқушысы:

«Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба
жолымен алдық деп ойлаймын»

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігіне 25 жыл

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы - теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы - ерекше тарихи жетістік. Айта берсек 21 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», — деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тәң барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата- бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып еткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Әрине тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде тұ ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге - мұра, ұрпаққа - ұран болып келе жатыр. Ұлт – азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақтың» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятамын анық. Сондықтан да ата, аға-апаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету - біздің перзенттік парызымыз деп білемін. Тәуелсіздік жолы - азамат жолы. Егемен елдің азаматы - арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Тәуелсіздік жолы - үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз - тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік кейде жолға түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан 25 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Тәуелсіздік - тәу етер жалғыз кие. Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз - тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат - қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанды қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бекмуратова Алия

11 сынып, №15 орта мектеп,
Қостанай облысы, Рудный қаласы,
Жетекші: Ержігітова Анар Сабырқызы
e-mail: aliya.05.99@mail.ru

**(Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған шығарма)
Өткен-кеткен һәм «Мәңгілік Ел»**

Жоспар:

I. Кіріспе

Көнеден бірауыз сөз...

II. Негізгі бөлім

1.Боздаған жетім көңіл

2. Көзінді аш, көтер басты, оян қазақ!

3. «Мәңгілік Ел» болмақ үшін не іс қылмақ керек?

III. Қорытынды

Ұлы мақсұт...

Есін жиды жетім көңіл маңырақ... Иә, қазағым! Сұм дүние десейші сұм-ау, сұм... Қандай заман өтті басымыздан аңырап?! Шаң көміп, шам ағартқан ескі тарих тарауларын ақтарсақ арсыз дүниенің түйдек-түйдегі шығар-ау... Замананың қырық құбылмалы, құйқылжыма, сортаңдау ізімен жүрдік. Тас төбеден қою қан сорғалаап, көк желкеден жұлқылаған қиямет-қайымның түрлісін көрген Сахара даласы сол байырғы қалпында. Қазақ табанын тас тілді, шөмішөміштей тікен кіріп жалба тонды жалағаш тобық болған-ды. Қазақ не көрмеді? Шекелеп артқа бұрылып төңірек біткенге қарар болсақ тәрихтың сөйлері көп-ақ. Сауыры дір-дір етіп жерге именбеген қазақ сорлы быжынаған жау атаулының табалауында болды емес пе? Әрі-бері шапқылап, тәйірі көнеге артқа қылдыр мойынды қылтитсақ замана шіркін бізді аяды ма? Тарих па, тағдыр ма, әйтеуір, Сарыарқаның сары белдерімен көп ойнады, ойнағаны сол кәпіріңе бодан етті, қазақты қайғыға қарс көмді. Әлсін-әлсін дем беріп, түйіліп кеп түйдектеп өтті. Әдепкіде баласын туғанынан айырды, туғаны емей енді не, Есілің мен Оралың, Жайығың мен өр Алтайың? Жә, гәпке көшелік... Әпербақан алашапқын мен міскіндер жабысып алған кенедей қазақты тағы қансыратып қанады да. Сансыз ғаріп пақырды айдатып алып жіберді. Өткенді бар ынта-шынтаны сап, қымтап-қыпсырғанмен қызылы бетке теппейді ме! Қапыда қалып, қапелінде елінен айырылған мынау жұрт біткен боздап, мүсәпір күй кешіп һәм сеңделіп, әрі барып Қытай мен

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ауғанға да өтіп кеткен-ді. Қойнына кіріп алып бұл пәлекор бодандық кемпір мен шалдың, жасың мен балаңның қанын судай сімірді, сөйттідағы тоқмейілісіп семірді. Қазақтың атамекен жеріне башқұтың мен кәрісіңді, немісің мен кавказыңды әкеліп, қазақты қуды, оған көнбесе сабады, қорқытты-үркітті, әйтеуір, таптады да өлтірді. Сөйтседе қалың кісілі қазақ ешкімді бөліп-жарып жат көрмеген-ді. Қайта бауырым қара нанды бөлісті, өлі достықты тірілтті. Әй, сорлы менің қазағым-ай, қазағым, менің дана қазағым...

Деседе, қазақ ескіден дәйім шүйгінді орып, шалқарды шайып ішіп қалған кілең сүлей еді ғой. Бұларды місе тұта қойсын ба! Онысы жауға аруақтап шапқанынан-ақ белгілі. Көк түркі ұрпағының сөз сөйлеген жырауы ғана емес, жон арқасы жер сипап көрмеген, қырғын десе қан бүктірген найзалы батырлары да, ұйтқылы ұйғарымын айтқан ұлы қағаны да болды ғой. Өңкей жайраңнан өнген жақсылар дүйім жұрт мұңын жоқтап, қамын қамдады да. Әнәугі, қайран Абылай мен Хакназар, Тәукенің еңбегі аз ба еді? Олар да бірталай жыл айтқанын істетіп, атқаны тиіп, қағанағы қарқ сағанағы сарқ сайран салып еді ғой. Сол кездер болғанда біз де алмас қылышты жалаң-жалаң еткіздік-ау. Аласапыран алабүлікті де көзіміз көріп, тал қармайдының да күйін кештік қой. Сөйтсем ең сорақысы соғыс та емес екен-ау... басқасы-басқа өз баласының мәңгүрттеніп өз ұлтын тебелеп сыртқа лық еткізіп, түрі қазақтың селт етпей қойғаны қиын екен. Осындай да Ахаңның өз аулымның иттері қапты деген бірауыз сөзі ойға жиі оралшақтайды. Биліктің сесі, сұсы болады. Сонан кейін өзіндік мысы болады... Сол сияқты тас түнек түлей қаптаған заманда парақор сұмдар мен болыстар қара қазақтың қанын сормап па еді? Жұрт біткенді өгей балаша еңіретпеп пе еді? Өңкей болысың мен старшының алыстан ымдасып, жақыннан жымдасып, өзара ұйқасып, бір-бірімен жымыысып тентіреген тілім-тілім қазаққа ит күнің көрсетпей зорықтырып, сорлатпап па еді? Қарынның камы үшін тас лақтырып бас жарды, найза салып көз ойды, бамталап мал үшін адам қаның аяққа басты. Сатқындар мен сұм атқамінерлер заманы болған-ды. Әрненнің басын бір шұқып, әлжуа әумесер жуан-жуыстың дүмшеленген молдакелердің қдайы берді. Соңынан ілесіп аштық мойыннан алды. Сансыз алаш баласы жол таба алмай сенделді, жанашыр таппай сандалды. Қазағым жапатармағай аштық талауында қалып, қапқапелінде Отан асып кетті, жер артта қалды. Қатын-балаң жаяу жалаңаш аштықтан қырғын тапты. Тірі қалу үшін қазақ безіп кетті, көздерін жәутендетіп өз баласын өзі жеді, өлік қерсе қуанып қазан асып түтіндете жүгірді. Қан иісі бұрқырап қазақтың басы Жетісудың жиегінде даланың әр түкпірінде домалап жатты. Бұғұлы қазағым сорлы халдің құзырына түсті. Қаһарлы күндер

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

құрсауында қалып, зұлмат жылдар елесіне көмілді. Мүшкілдікке көніп, кеуде алдырып, бұралтып бүк түсіп жатқанда сауатсыз қазақтың халін кім ойламақ? Осындай бір опасыз заманда қазақтың өз ішінен шыққан бір баласы ызылдап масадай оятқысы, екіншісі қара түнекке өрмелеп күн болғысы, ал тағы бірі «Оян қазақ!» - деп ұрандап жаттыпты. Жұмыр басты ел жолында пида етті. Осынау кездерде интелегенция айтса патшаның жендеттерінің аярлығы мен солардың аузына қараған шолақ ойлы, шоқпар тілді белсенді, би-болыс, міскіндер жәйін айтыпты. Елін бес-алты тиынға сатқан пысықтар жайын ашына жазыпты. Дүниеқоңыз, сараң байдың тоңмойындығы мен өтірікке шешен ел жақсыларын, болмашы шен-шекпенге құмартқан оқығандар һәм дін деген қоңыртөбел дүмше молдалар хақында айтыпты. Әбәрәкей замана басқа еді, сұңқарды құзғындар талаған мезіл болды. Өксіп жылап тұрған өгей балаша дәрменсіз болған елім-ай...

Оқта-текте осы ескі ойлар сап ете қап, төбе құйқанды шымырлатып еңсенді езгілейді кеп. Ауруын жасырған өледі демекші мұның бәрі рас, бәрі шын. Ойлана қарасақ, айтып отырғандарымыздың бәрі өмірде болған. Бетінің бояуы бар қызыл өтіріксіз хақ нәрсе. Көктен себелеп қара басты қыңқ етпестен жарған көненің жаманы қазақтың еңсесін басқан жоқ-ты. Қабырғамыды қақсатса да, морт кетіріп сындыра алмады. Қайта алас ұрған кезбе бақсыдай құтырандаған қайсар қазақтың тереңнен қопарыла қозғалып, бетке шарпып, дамылсыз толқыған ерлігін асқақтата түсті. Білем, бұл айтып отырғандарымыздың бәрі ежелгі мақам, ескі сыр,көне гәп десекте, мұның бәрі талайлы қазақтың тағдыры болып еді. Және оны әркім-ақ біледі. Тайып шыға келетін тарих сахнасында ешкім де биік емес-ті. Қазақ тәніндегі жарақат ескіргенмен, жанын баурап алған науқасы басылмақ түгіл, асқынып еркіндік дерті меңдей түскен түрі бар. Иә..иә бұл кешегі ғасырдың тоқсаныншы жылдары болатын. Шыбық тисе, шыңқ етпесі көп қиындау киліккен қикар дерттің, кең дүниені қаралай қусара тускен тар құрсауынан көз ашқантаңымыз осы. Кейбір есерлерге әлгі әншейін көрінетін егемендік біз үшін қымбатқа түсті.Кезінде жердің бетін көл-жоса қып көміп кеткен бабалар сүйегі бір жасап қалған шығар-ау. Ара-тұра қат-қабат боп ойға келетіні мына бір ойлар ел еркіндігі ащы тер, қажымас қайрат, сан қилы тағдыр айқасының мүлгіп, маужырап піскен меңіреу жемісіндей. Осының бәрі қалғып кеткен бізді түртіп қап оятқандай нәрсе ғой. Бәрі-бәрі маған біртүрлі айбындырып тастайтын қатыгез тарихтың қаһарлы сесіндей көрінеді. Тәуелсіздігінің қалай келгенін ұмытпа деп, бажырайып көзбе-көз тіл қатысып тұрғандай. Өткенсіз бүгін жоқ деген осы екен-ау. Бұл дұрыс-та! Шынында да, қазақ сойылын соққан ерлер қаншама! Дархан даламыздың о шеті мен бұ шетіне құлан жортса, тұяғы тозатын, қыран ұшса

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қанаты талатын. Ұлан-ғайыр жерді қорғап қалмақ боп айқасқан талай-талай қазақ баһадүрлері тұсында төрткүл дүниені ат тұяғында дүбірлеткен ғой. Солардың ұрпағы Нұр аға демес ке кім бүгін кеп дау айта қалсын! Олардың ерліктері алдында тіл қысқа, сөз шорқақ. Десек, дегендей-ақ ерлік!

«Мәңгілік Ел» - бұл қазағымның ұлы мақсұты. Оның қадір-қасиетін біз сияқты шоқты отқа түскен халық білмегенде кім біледі?! Ойлана қарасақ, жат жерлік озбырлықтың алдымен алқымдайтыны ішкі татулық қой. Татулық біздің барымыз емес пе? Ол бұзылған жерде бәрі де бұзылады. Бет-бетіне ыдырап басқыншылық басбұзарлыққа жол ашылады. Бір-біріне құлақ аспай, әркім өз мүддесін көздеп, өз дегенім ғана болсын деген жерде ел, арасындағы ынтымақ кетіп, алауыздық кеулейді һәм дінсіздік гулейді. Ал алауыздық бытыраңқылыққа ұрындырады, мұндайда шамалы болсада ел арасы бітісе, бүтіндене қоймайды. Атылмаш осынау жағдаят тарихтан тауқымет пен зобалаң көрген біз үшін көрердей көрулі, білеудей білулі нәрсе. Мәңгілік Ел - бұл ақиреттік мақсұт. Талай ғасыр қолға түспей келген тәуелсіздік бүгінгі абыройымыз. Алайда, көпті көрген көне қазақ үшін мына бір, балақтан шалатын кедір-бұдырлы да қарға аунаған қызыл түлкідей құлпырып шыға келетін кезде, Мәңгілік Ел бітіспес арманымыз болмақ қой. Осы арқылы халқымыз алға беттеген абырой иесі, ұлтымыз ұлағатты. Елдікті, еркіндікті, бірлікті бұзбай тұра алғанда ғана біздің көк туын қазағымның қанға малымаған бақытты ұрпақ, Мәңгілік Ел атана аламыз. Осыны ұлықтау һәм ұмытпау біздің киелі борышымыз!!! Біздің көш те жүре келе Мәңгілік Елге айналар?... Ізгі мақсатты маңдайға ұстап, бет түзеп, игі жолда талаптанып жүрген елімізге, көңілден шыққан бірер тілек... Сапарың сәтті һәм тәуелсіздігің баянды болсын дейміз!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бекмухамбетов Диас

7 «Б» сынып, №2 орта мектеп
Қостанай облысы, Жітіқара қаласы
Жетекші: Дуйсенова Н.Б.
E-mail: naza_0000@mail.ru

Өткен күндер жеңісі - Бүгінгінің жемісі

«Ұлт үшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық
тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ?!»

Мұстафа Шоқай

Бізден бұрын қаншама ұрпақ ауыспады, нелер қилы кезенді халқымыз басынан кешпеді. Ал енді, осынау іңкәр еткен заманды, мына еркіндікті Жасағанның дәл маңдайымызға жазуы неткен бақыт, тірліктің неткен ғажайып сыйы! Осы күндерді көзбен бақытына ие болып отырған біздер, әй, сірә, тегін ұрпақ болмасақ керек. “Бар азабың мен тозағың осымен бітсін, көрген көрешегің мен тепершінің аз болмады ғой, қалсын бәрі де мыңжылдық пердесінің ар жағында, жаңа ғасырларға жаңғырып кір, Алашым”, - деді ме екен, әлде ұлы әлемнің Әміршісі.

Дегенмен, зымыраған уақыт-ай, күні кеше сияқты еді ғой, жүрегіміз алқымға келіп, алабұртқан жүзіміз бал-бұл жанып, көзімізді қуаныш тамшылары кіреукелендіріп: “Я, ақсарбас, шынымен туғаның ба, азат күн! Тәубә, тәубә!”, - деп сүйіншілегеніміз. Жаңа тарихты айтпағаның өзінде, жауыз қалмақтың тізесі батып, қолдан билік, бастан бақ тайған ана заманда-ақ атақты Қожаберген жырау:

*Нұр жауар таланты ерге дегенермін,
Есіркеп қашан Алла жеткереді.
Құдайдан елге амандықтілеп жүрмін,
Қазақты қашан қолдап ескереді, -деп зарлаған екен.*

Қазақ ұлтының бүгінге дейін қат-қабат тарихының басты мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанда дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар. Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашырап, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін білеміз.

Бүгінгі күн – ата-бабаларымыздың таршылдықтың темір құрсауының, отызыншы жылдардағы оташылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

боздақтардың, кешегі Желтоқсанда ұлттық намысын қолдан бермеу үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді.

Табанды күресінің арқасында ата-бабаларымызөзінің бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, 15-ші ғасырда қуатты қазақ хандығын құрды. Алайда, тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт, тыныш өмір сүре алмады, ұлан- байтақ өлкемізге жан-жақтан көз тігіп, ойран салушылар көбейді. Ақырында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйытқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер қорған болған есіл өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті. Сөйтіп, 18-19-шы ғасырларда халқымыз еркіндігі мен тәуелсіздігінен айырылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жай-жапсарын бірер ауыз сөзбен айта салу мүмкін емес. Патшалық Ресейге отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Дініміз тәрік, тіліміз ғарып, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз міскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халықхалық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шыққан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді.

Осынау ата-бабаларымыздың асқақ арманының араға ғасырлар салып, шынайлыққа айналуы, тіпті көптеген басқа халықтардығыдай қанға бөгіп емес, бейбіт жолмен жүзеге асуы – миллиондаған жерлестеріміздің рухани қуаты, ізгі ниеті болса керек, тіпті аруақтардың желеп-жебеуі деуге тұрар. Сондықтан да үстіміздегі жылды “Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы” деп атап өту туралы Елбасының Жарлығы сол орындалған арманның тарихы, рухани мән-маңызын барынша терең сезінуге мегзейтіні дәлелдеуді қажет етпес. Отандастарымыз бұл шешімді зор ризашылықпен, аса бір қанағаттанғандық сезіммен қабылдағаны баршаға аян.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы қазанның 25-інде республиканың егемендігі туралы Декларация қабылдады. Келесі, 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздігімізді жарияладық. Қазақстанның жаңа демократиялық мемлекеттілігінің нобайы 1993 жылғы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес қабылдаған тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясы еді. Бұл құжатта Қазақ мемлекеттілігінің мызғымастығы, демократиялық қоғам мен хұқығы мен бостандығының басымдығы, азаматтық келісім мен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету ниеті бар.

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған тарихи міндеттерді орындау үшін біз күллі қазақстандықтардың шығармашылық, жасампаздық күш-қуатын жандан-дырып, ең алдымен жастардың белсенділігін арттыруы-мыз керек. Ендігі бар тілегіміз бен мақсатымыз – тәуелсіздігімізді баянды ету.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бүгінгі Қазақстан – жалғыз қазақ халқының ғана емес, күллі Қазақстан халықтарының ортақ Отаны, сондықтан олардың тарихы да, тағдыр-талайы да ортақ.

Тәуелсіздік деген қасиетті ұғым – тек қазақтарға ғана емес, қазақ жерін мекендеген, оған кіндік қаны тамып, бірге қайнап-бітіскен, туған топырағым деп егілген басқа ұлттар мен ұлыстардың да ортақ игілігі. Өткенімізді барлағанда солай екеніне, Қандасатарымызбен олар да тағдырлас екеніне көз жеткіземіз. Міне, сондай шынайы сезімдердің барынша жария етіліп, ыстық естеліктердің тынымсыз, баса айтылатын да жылы болу керек биылғы жыл. Өйткені жасампаздығымыздың өзі сонау бауырмалдық, татулық деген ұғымдардан бастау алып жатыр ғой. Әрі бұл – дербес ел болуымыздың бір берік тұғыры, маңызды алғы шарты.

Біздің жетістіктеріміздің маңыздысы – ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту, тереңдету. Өткен кезеңнің аса қатал тоталитарлық жүйесін, адам хұқығын басып-жаншу мысалдарын еске алып, жас мемлекетімізде демократиялық қоғам құру ісінің сара жолға қойылғанын, оған Елбасымыздың өзі басты кепіл болып отырғанын айту керек.

Тәуелсіздік тұғырын биіктетіп, егемендігіміздің ірге тасын нығайта түсу, әрқайсымыздың адами қарекетіміз бен қарым-қабілетімізге тікелей байланысты екенін ешқашанестен шығаруға болмайды.

Ғасырлар бойы аңсатып жеткен азаттықпен, тәуелсіздікпен келген халық рухының асқақтығы мәңгілік болғай!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Берденова Гүлжан

9-сынып Б.Қолдасбаев атындағы
жалпы білім беретін орта мектеп
Қостанай облысы, Аманкелді ауданы
Жетекші: Амантева Айзада Амангелдіқызы

Менің тәуелсіз Қазақстаным

«Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей ар намысты жас өркені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы»

М.Шаханов

Тәуелсіздік! Бұл – қазақ халқының сан ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт–сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

1991 жылдың желтоқсанында халқымыздың ежелден тілеген еркіндігі, егемендігі бақыт құсындай қолға қонып, жайдары жаз туды. Елбасмыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Біздің туымыз – тәуелсіздік. Біздің мақсатымыз бейбітшілік және береке. Бұл әлемде бізде бір ғана Отан бар. Ол – Қазақстан», – деп айтқан жалынды сөздері «мың өліп, мың тірілген» қазақстандықтардың жүрегінде Отанға деген ұлы махаббат сезімін ұялатары анық.

Тәуелсіздік алып келген жетістік те, оң өзгерістер де мол. Тәуелсіздіктің басты жетістігі – еркіндік! Бізге біздің өз тәуелсіздігіміз қымбат. Неге дейсіз ғой? Ол бізге қымбат – «Отан» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін «Елім» деп елеңдетіп, «Жерім» деп желпініп, ата жұртын сүйсіндіргені үшін.

Жиырма бес жыл азаттықты алғалы,

Көк аспанда бақ жұлдызы жанғалы, - дегендей, 2016 жылы Тәуелсіз қазақ мемлекетінің жиырма бес жылдығы аталып өтілетін тарихи бір белес. Жиырма бес жылдың ішінде біз көптеген жетістіктерге жеттік. Экономикамыз қарқынды даму үстінде, халықтың әл–ауқаты жақсаруда. Қазақстанымыз көк аспанда қанатын кең жайып, күнге, молшылыққа, бақытқа қарай ұшу үстінде. Болашаққа деген сеніммен жарқын алға қарай нық қадам басып келеміз. Бізді бұл бақытқа жеткізген ата–бабаларымыздың, аяулы арыстарымыздың еркіндік үшін күресте төгілген қаны, қыршыннан қиылған жаны, солардың жанқияр ерлігі.

Мұхтар Шаханов ағамыз:

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,

Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындық, – деп жырлағандай, еліміздің өрімдей ұл–қыздары 1986 жылы алаңға шықты. Бұл алаңда қазақтың сан ғасырлар бойы күл астында бықсып жатқан қолантайдай бұлыққан ащы ызасы лап етіп, жалын боп аспанға атылды. Бұл жалын қызыл империяның күлін көкке ұшырар лаулаған оттың тамыздығы еді.

Бұл күресте қыршын кеткен Қайрат, Ербол, Ләззаттар халқымыздың азаттық үшін шалынған соңғы құрбандығы еді. Тарихта алтын әріптермен жазылған желтоқсан оқиғасы бүгінгі таңда қолымыз жетіп отырған, елдігімізді асқақтатқан Тәуелсіздікке бастау берді. Мінекей, бүгінде біз тәуелсіздіктің берік тұғырына мінген егеменді еліміз. Бейбітшілік нұры тұнған көк аспанда Туымыз желбіреп, Өнұранымыз асқақтай қалықтайды. Елордамыз ел кіндігі Арқа төрінде ту тіккеннен бері республикамыздың өрлеуі мен өркендеуінің басты нышанына айналуда. Астана – елдің жүрегі!

Біз жаңа ғасырға, жаңа мың жылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахнасына егеменді ел ретінде ендік. Сезіну де бір бақыт, маңдайға біткен бақ емес пе?!

Біздің осындай биік дәрежеге жетуіміз еліміздің болашағы үшін күресе білген ата–бабаларымыздың арқасы. Егеменді Қазақстанның тізгіні жас ұрпақ біздің қолдарымызда. Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт–сананың мызғымас тірегі – тәуелсіздік. Тәуелді ұлт бұл байлықтың әрінен айрылып, бейшара болады», – деген. Бұл қанатты сөзді бойымызға сіңіре отырып халқымыздың салт–дәстүрін, тілін, дінін қасиет тұтуымыз керек. Тәуелсіздіктің тірегі – білім. Мектеп қабырғасындағы білімді жастар болатындықтарымызға сенемін. Ел болашағын білімді ұрпақ айқындайды:

25 жыл шуақ шашып күніміз,
Қайта оралды қасиетті дініміз.
Бодандықтың бұғауынан босады,
Бабалардан мұра болған тіліміз!
Тәуелсіздік – бақытымыз! Біліңіз!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Байманова Толқын

11 сынып, №2 орта мектеп

Қостанай облысы, Жітіқара қ.

Жетекші: Дуйсенова Назымгуль Бекбаулиновна

e-mail: naza_0000@mail.ru

Менің Қазақстаным!

«Кең даласы, кең пейілді қазақпыз.
Құл емеспіз, ерін жанбыз, азатпыз.
Қос тағдырдың қиқанына көнбейміз,
Ер намысы ешбір жауға бермейміз»
Қ.Аманжолов

Ата жұрт, атамекен – өте кең ұғым. Атамекен – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп-өніп келе жатқан жері. Өмірден көретін қызығы мен бақытының тұрағы.

Біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең, туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным жанымызға ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған.

Бабаларымыздың он бес ғасыр бұрын айтқан ұлы ұстазы Күлтегін ескерткішінде жазылған:

Қызыл қанымды ағыздым,
Қара терімді төктім.
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Бастыны еңкейттім
Түрік болғаным үшін, -

деген жолдар атамекен құдіреттілігін айқындай түсетіндей.

Ғасырлардан ғасырларға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, мирас етіп қалдырған ұлан ғайыр атамекенім - Қазақстаным.

Қазақ елі - сонау Алтайдан Пиренейге дейін билік еткен Еділ батырдың елі. Қазақ елі - асқан батырлығымен, ақыл-парасаттылығымен Египет еліне билік жүргізген Бибарыстың, Үндіні билеген Бабырдың елі.

Қазақта: «Ер туған жерінде, ит тойған жерінде» деген мақал бар. Әр адамның туған жері-бәрінен қымбатты. Өйткені ол сол жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстады, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасты. Сондықтан да әрбір адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

Аялы туған жеріміздегі жайнаған гүлдер, жайқалған шалғындар, теңіздей телеген ормандар, сылдыраған бұлақтар, керіліп жатқан кең дала, аспанмен тілдескен ақ басты таулар, жарық ай, сарқыраған жұлдыздар, көк мөлдір аспан, күлімдеген Күн-ана-өміріміздің тірегі, қызығы, рақаты. Туған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі, әулие. Сондықтан сол күдіретті мекенімізді сүйе білмесек, адамдығымыз болмайды.

Менің кіндік қаным тамып, шыр етіп дүниеге келген елім - Тарбағатай өңірі. Бабаларымыздың көзінің қарашығындай қорғап, перзентін адалдыққа, батылдыққа тәрбиелеп, елін-жерін сүюді, береке-бірлікті бұзбауды өсиет етіп кеткен киелі өңір ұрпағымын. Қаракерей Қабанбай, Би Боранбай, Тана мырза, хан Қисық, әулие Ырғыбай бабаларымызды кім білмейді?! Осындай қасиетті ата-тегімізден тараған ұрпақтың елін, жерін сүймеуі мүмкін емес.

«Өткенімізді ұмытсақ, болшақ бізді кешірмейді», - деген ұлы даналықты жабынан шығармай, тай-таласқа толы ұлы тарихқа айналған екінші мыңжылдықты артқа тастап, жанталаса жүйткіген жиырмасыншы ғасырдан аман-есен аттап өткен еліміз жаңа мыңжылдыққа дербес мемлекет, егеменді ел ретінде қадам басты. Мыңжылдықтар шегінде ата-бабаның ғасырлар бойы аңсап армандаған тәуелсіздігіне қолымыз жетті.

Тәуелсіздік! Қандай рухты, жүрекке қандай жылы, жанға жайлы ұғым! Жатса түсінен, жүрсе есінен кетпеген ата-бабаның ғасырлық арманы болған тәуелсіздік еді бұл.

«Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып» тұңғыш Президентімізді сайлап, Ата Заңымыз бен рәміздеріміз қабылданып, туған тіліміз мемлекеттік мәртебе алды.

Бұл тәуелсіздік Республиканың барлық халықтарына бостандық, еркіндік әкелді. Қазақстан құлашын кең жайған бәйтерекке ұқсады. Әуелі бәйтеректің тамыры сала-сала болды. Қазақстан өзінің жеріне әр тарихи кезеңдерде, әр түрлі себептермен келген ел-жұртқа пана болды. Оларға да, өзімізге де ортақ Отан болды, бола бермек.

Ғұлама Махмұт Қашқари:

«Бұтағы көп ағашқа құс қонар» - деп , ширек ғасыр бұрын дәл айтқан. Қаншама ұлттың басын қосып, береке-бірлігін, тыныштығын сақтап отырған Елбасына, бейбітшілікті сүйетін халқыма тәнтә боламын.

Тәуелсіздігімізді алғанымызға биыл жиырма бес жыл болыпты. Тәуелсіздік туы көтерілген тұста дүниеге келген сәби-жаңа ғалам азматы. Сәбидің көрсетер шарапатының бәрі алда.

Жиырма бес деген ұлан-асыр тарих көшінің биігінен қарағанда қас-қағым сәт іспетті көрінер. Бірақ осы жылдары еліміздің бұғанасы бекіп, әлемдік қауымдастық төрінен салиқалы орын иемдене бастадық. Дүние жүзімен саяси-экономикалық байланысымыз күшейді. Еліміздің болашақтағы мақсат-мүддесі айқындалды.

«Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең, істің бәрі бос», - деген ұлы Абай сөзін ұран етіп, өзара ауызбірлікті болсақ қана, еліміздегі барша халықтардың ынтымағына ұйытқы бола алар едік. Сонда ғана біз өзіндік дара сипаты қалыптасқан ішкі саясаты тұрақты, сыртқы саясаты әлемге айқара ашық іргелі ел ретінде жаңа ғасыр биігінен көрінеміз. Отанымыздың

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

болашағының жарқын, халқының мерейі үстем болатынына сенемін. Егеменді Қазақстанның тізгіні жас ұрпақ біздің қолымызда.

Халық жазушысы Әзілхан Нұшайықов:

«Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-санасының мызғымас тірегі – тәуелсіздік. Тәуелді ұлт бұл байлықтың бәрінен айырылып, бейшара болады» деген.

Бұл қанатты сөзді бойымызға сіңіре отырып, халқамыздың салт-дәстүрін, тілін, дінің қасиет тұтуымыз керек. Тезірек өсіп, ер жетіп, Қазақстанымның өсіп-өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін.

Тарихымыз бай, бүгініміз баянды, ертеңіміз жарқын болатынына кәміл сенемін. Сондықтан, бабаларымыз, тыныш ұйықта. Артында мендей ұрпағын бар. Болашақтың таңы жарқын болады. Кілті - қолымызда. Сол жиырма бірінші ғасырдың қасиетті есігін ашып, бақытты болашақтың еңсесі биік, өзгелермен терезесі тең азаматы, маңдайы жарқыраған еркін елі боламыз.

Мұқағали ағамыз «Барлығы да сендердікі» атты өлеңінде «Сендердікі өмір, қоғам, заман да, Сән түзеген қалаң менен далаң да, болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алыңдар!» - дейді. Бұл ақынның ел тірегі – жастарға сенімі, үміт артқаны, ендеше, үмітінді ақтар жас ұланыңбыз. Жерімізді гүлге бөлеп, көгертер, өлкемізді көркейтіп жасартар, тайсалмай талай сынды басынан өткерек, өзінді мақтан етер перзентіңбіз! Туған жер, демекпін.

Мектеп қабырғасындағы үлесім - жақсы оқуым деп білем. Қай кезде де болмасын, білімді ұрпақ - ел тірегі. Қиялына қанат біткен, ойы ұшқыр білімді жастар боламыз. Адам елінен, жерінен тыс өмір сүре алмайды. Менің жас жүрегім елім деп, жерім деп мәңгі соғады. Елі үшін, халқым үшін қызмет етемін.

Елбасымыздың: «Қазақстанның болашағы, балалар, сіздердің қолдарыңызда» - деген аталық сезімін ақтай аламыз. Мен шығармамды ақын Ербол Шаймерденұлының жыр жолдарымен аяқтағым келеді:

Көк байрақ иілмесін, жығылмасын,
Көзге жас, кеудеге өксік тығылмасын.
Тұрғанда көкшіл Туың көкті тіреп,
Қазағым, сен қашанда тұғырдасын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жакиева Арай

Ы.Алтынсарин атындағы
Рудный әлеуметтік-гуманитарлық
колледжінің «Бастауыш білім беру»
мамандығының 3 - курс студенті,
Қостанай облысы, Рудный қаласы
Жетекші: Жайлаубаева Индира Жұбатқанқызы.
e-mail: zhaylaubaeva@inbox.ru

«Өз Отанын жан тәнімен сүю –
адамшылдықтың асқар шыңы»
В.Г.Белинский

Менің Отаным–Қазақстан

"Туған жер", "Отан" деген сөздерді естігенімізде оның астарында қаншама мән-мағына жатыр десеңші!

Алайда олар егіз ұғым дерсіз, бірақ та бұл ұғымдардың мәні мен мағынасы мен үшін екі бөлек.

Туған жер – киелі де, қастерлі де, құдіретті сөз. Әрбір адамның кіндік қаны тамған, дүниеге келген киелі орны. Қазақ халқының тарихында "Қара қылды қақ жарған" Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің орны ерекше. Олар өз елінің, жерінің бірлігін нығайту үшін, ынтымағы үшін күрескен жандар. Мен үшін туған жер ол өткенім, балалық шағым, естеліктерім. Бүгінім мен болашағым, яғни жарқын болашағым ол менің – Қазақстаным. Иә, менің Отаным – Қазақстан!

"Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол" –дейді ғой қанша жолды артқа
тастап, атамекенге, атажұртқа оралған қазақтың бірімін. Мен бұл елді, жерді
қалай мақтан тұтпайын? Осынау дархан дала, көгілдір ашық аспан,
құлпырған жасыл жайлау, сарқырап аққан өзен, таулар, барлығы маған
жылулық сыйлайды. Қазақ жеріндей кең де, байтақ дала еш жерде жоқ
шығар. Менің Отаным – Қазақстан деген асыл сөзді мақтанышпен, асқақтата
айта аламын. Қолымды кеудеме қойып, көк байрақтың көтерілгеніне қарап:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным! –деп әндетіп
шырқағанымда көзіме жас үйіріліп, бойымда мақтаныш сезімі кернейді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақ жері әрқашанда жомарт қой шіркін! Осы өлкеге келген барлық отандас бауырларына құшағын жайып, жылы ниетпен қарсы алуда. Бұл қазақтың қонақжайлылығы мен пейілінің кендегі деп топшылаймын. Барша ұлтты бүгінде бауырында басып отырған Қазақ елі біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Міне, осының арқасында Қазақстанда 130 – дан астам ұлт - өкілдері бірлікте, түсіністік пен бір-біріне құрметте, жарастық пен келісімде бейбіт те, тыныш өмір сүруде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, "Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде". Осы бірліктің арқасында еліміз одан әрі дамып, жаңарып жатыр. Қазіргі таңда Қазақстан барлық әлем назарында. Оған дәлел, елімізде ұйымдастырғалы отырған Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі. Бұл көрме Қазақстанға халықаралық ілгері жылжу мен одан әрі дамуына мүмкіндік береді. ЭКСПО Қазақ елінің тарихын, мәдениетін, дәстүрі мен өнерін паш етіп таныстыратын болмақ.

Осындай тұғырлы елде өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын!

Даярмын отқа түсуге, Отан үшін!
Жүргенім жоқ бостан-босқа ермек үшін,
Сенемін тиер пайдам Отаныма
Рухани көтеруге ұлт болмысын!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жанайдарова Раушан

2 курс, мамандығы «Негізгі орта білім»,
«Қостанай гуманитарлық колледжі» мекемесі
Қостанай қаласы, Қостанай облысы
Жетекшісі: Досмағанбетов Сайлау Жеңісұлы,
тарих пәні оқытушысы
e-mail: gaini_kst.2011@mail.ru

Тәуелсіздік - Қазақстанның тағдырын айқындаған күн

Тәуелсіздік – қазақ ұлтының ұзақ жылдар бойғы арманы еді. Сондықтан да біз үшін еліміздің Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн болып есептеледі. Дербес мемлекет ретінде әлемге танылғанымызға биыл міне 25 жыл да толып отыр. Елбасымыз Н.Назарбаев: «Қазақстанның Тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы, бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп айтқандай бүгінде бабалар мекенінде ғасырдың куәсі атанған ұлы топырағымыз өз еншімізде.

Әр елдің тарихында бетбұрысты оқиға болса, біз де сол оқиғаның бастауы – 1991 жылдың 1 желтоқсаны. Ресми түрде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президентінің сайлауы өткізіліп, болашақ тәуелсіз Қазақстанның тағдырын айқындаған күн болды. 1991 жылғы 1 желтоқсан күні байтақ еліміздегі сайлау учаскілеріне халық ерекше үмітпен келіп, сайлаушылардың 98,78 пайызы дауысын Нұрсұлтан Назарбаевқа берді. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің Тұңғыш Президенті болып сайланды. Содан бері Елбасының сан түрлі сынақтан сүрінбейтін салиқалы саясатының арқасында жеңісті жолы жалғасуда. Осыдан 25 жыл бұрын, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы асыл арманы болып сайланған Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен іске асты.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданғаннан бері Қазақстанда демократиялық саяси-құқықтық жүйе, экономика тұрақталды, халықтың әл-ауқаты көтерілді, ұдайы даму үстіндегі мемлекет ретінде қалыптасты.

Елбасы 25 жыл ішінде шынайы мемлекетшіл, халық мүддесіне берілгендігін үнемі көрсетіп келеді. Елбасының басшылығымен сол кеңестік республикадан тәуелсіз мемлекет – ел жасалды.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Н.Ә.Назарбаев қоғамдағы татулық пен келісімді нығайту, жаһандық бейбіт бастамалардың авторы ретінде елдің сыртқы саяси бағытын дәл айқындау ісіне орасан зор үлес қосты. Мемлекет басшысының жан-жақты сараланған ішкі және сыртқы саясатының нәтижесінде Қазақстан дербес дамудың өтпелі кезеңіндегі қиындықты еңсеріп, өркендеу жолына шықты. Жаңа ғасырдағы бәсекеге қабілетті экономикаға негіз болатын толассыз табыстарға жетті.

Елбасының мықты саяси ерік-жігерінің арқасында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың топтамасы қабылданды. Елбасын тану да – елтанудың, мемлекеттанудың бөлінбес бөлігі болып табылады. Жиырма бес жылдан бері жемісті жұмыс атқарып келе жатқан Президенттің ұлан-ғайыр қызметі – осы ойымыздың айқын дәлелі. Қысқа мерзімнің ішінде ел басқарудың президенттік институты қалыптасқан болса, Тәуелсіздіктің шежіресі де жасалды, Қазақстан әлемдегі ықпалды мемлекеттердің біріне айналды. Осының бәрі Елбасының арқасында болып отыр.

Тым алысқа бармалық, сәл өткен күнді еске алсақ. Көзіміздің нұрындай әлпештеген ұлдарымыз сексен алтыншы жылы Алматы аланына шықты. Оларды бостандық атаулының қас- жаулары сол күні-ақ соққыға сұлатты. Пәк тәндерден аққан қан ақ қарды суарып жатты емес пе? Дегенмен осы оқиғаның ақиқаты әлі күнге жөнді ашылмай келе жатқан сынайлы. Желтоқсан оқиғасының «дүркіреп» өткеніне 25 жыл толып отыр. Әйтсе де сол бір ызғарлы үш күн әлі де көкейден кетер емес. Кей кезде еске алғанда жүрекке шаншудай қадалады. Бұл оқиға қазақ халқының басына қаншама қасірет әкелді. Қаншама жас қыршын кетіп осыншасы жазықсыз жұмыстан, оқудан қуылды. Желтоқсанның құрбандарына айналғандар: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Жансая Сабитова, Хасен Қожахметов секілді батырларымыз елінің еркіндігіне күресіп, алаңда ту тіккендердің бірі болды. Өздері құлағанмен, қамалғанмен, олар көтерген, жалауларын құлатқан жоқ. Кері баққан заманның қаскөй жаудай қарулы жендеттері ұрып-соғып жанын жаралады, ар-намыстарын, бірақ көтерісшілердің бостандық сүйгіш ойларын жасыта алмады.

Азулы елдің боданында болған үш жүз жылдың өзі алаш жұртының бостандық пен теңдіке, еркіндік пен тәуелсіздікке деген ансары мен асқақ арманын аласартып, жігерін мұқалтпады, жанын жасыта да алмады. Қайта азаттықсүйгіш жанын қайрап, намыс отының алауын үрлей түсті. Зорлық пен зомбылыққа негізделген тоталитарлық қоғамға кеңестік жүйенің ішінде

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бірінші болып біздің жастарымыз қол көтерді. Қазақы менталитеттің жасампаздығын, өрлігін көрсетті. Ата-бабасының ақ – тілеулі асыл арманы – бостандық пен тәуелсіздік жолындағы кедергінің қандайын болса да талқандай алатынын айдай әлемге танытты. Ұлы даланы мекендеген батыр бабаларының өлмес өнегесі мен өскен ұрпақ қаһарынан қар бораған ызғарлы жүйенің зәріне зәредей де қарамаған! Болашағы зор, келешегі кемел елдің келбетін көрсетті. Өсер елдің өскелен санасы содан бері де жетіле түсі, өзгеріске толы жылдардың, тіпті ойлардың құлашын кеңге сермеп, күн санап өсіп-өркендеп келеді.

Бүгінгі еліміз қол жеткізген толағай табыс барша Қазақстандықтардың әлеуметтік деңгейінің жеткен биігімен өлшенеді десек, соның кепіліндей ел қоғамының қалыптасу қадамы болып табылады. Егемен елдің алансыз атқан әр ақ таңы бейбітшілік құндағында тербелген ұлы даламның тәуелсіздіктен тапқан басты байлығы да бағы да болды. Әр азаматпын деген жанның жүрегін қуанышқа толтырып, көңіліне сенім отын жағып, санасына самала нұр құйып, өз еліне деген өзегін жарар мақтаныш сезімін бұл күй еселеп жатыр десем артық айтпағаным болар еді. Мұнымды мейрам алды шалқуы демессіз. Бұл – сіз бен біз көріп отырған өскелең өмір шындығы болып табылады. Осы атаулы мерекеге өз көкірегімнен жарып шыққан өлеңімді арнаймын.

Сол бір күндер, өткен күндер қаралы,
Талай қиын сәтті өткізді бабасы.
Қыс мезгілі қарлы боран күнінде,
Келіп қапты желтоқсанның ызғары.
Талай ұл- қыз азаматы қазақтың,
Теңсіздіктің аңсады ғой ауасын,
Сол бір үш күн шешті талай тағдырын,
Қан қақсатты желтоқсанның құрбанын.
Қазақ көрген қорлық өмір кезеңі,
Талай жастың жастық шағын кезі еді.
Қайрат, Ләззат – ұл-қыздары қазақтың,
Тәуелсіздіктің аңсайды ғой ақ таңын.
Бүгін міне, 25 жыл толып тұр,
Көкте самғап, биікте көріне бер.
Ел мерейі асқақтап арқалаған,
Алаш жұртым құтты болсын бақытың!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кенжебек Камиля

4 «А» сынып, №15 орта мектеп,
Қостанай қаласы,
жетекші: Султанғалиева Жұлдызай
e-mail: suitangalieva_71@mail.ru

Өз елім

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін баянды етті. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені, болашағы. Биыл тәуелсіздігіміздің таңы атқанына жиырма бес жыл болады. Менің елім, менің жерім, менің Отаным деп әр қазақ Қазақстанды мақтан тұтады. Біздің батыр аталарымыз қанын төгіп, жанын беріп тәуелсіздік алып берді, Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке. Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы бірінші желтоқсанда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды. Оның арқасында еліміз көркейді. Жиырма бес жыл мемлекет үшін көп уақыт емес, осы аз ғана уақытта Қазақстан өз аяғына нық тұрып, әлемге аты таңылған мемлекет болды. 25 жылда талай өзгеріс болды. Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымның белді мүшесі атанды. АҚШ-тың 41-ші президенті, үлкен Буш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегенділігінің арқасында, оған деген халықтың сенімінің арқасында Қазақстан осындай үлкен жетістікке жетті, әлемге таңылды деген болатын. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтың арқасында осындай жетістіктерге жетіп отырмыз.

Елбасы бастамасымен, халықтың қолдауымен егемендігіміздің ширек ғасырлық мерейтойына орай биыл "ҚР-ның Тәуелсіздігіне 25 жыл" жылы болып жарияланды. Айтулы дата аясында аймақтарда егемендік пен елдікті, татулық пен тұрақтылықты, Отансүйгіштік пен патриотизмді насихаттауға арналған маңызды іс-шаралар өтпек. Ширек ғасыр уақыттың ішінде егеменді мемлекетімізді бүкіл әлем мойындады. Қазақ елі көк байрағын тұғырына қондырып. Шетелдіктермен иық тірестіре алатын жағдайға жетті.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

2016 жылдың 14 қаңтарында ҚР Ұлттық мұрағаты ғимаратында «Мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуының қазақстандық жолы: нәтижелер, жетістіктер, болашағы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. 2016 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты ғимаратында Мемлекет тарихы институты, ҚР Ұлттық мұрағаты мен Жас тарихшылардың республикалық қауымдастығы бірлесіп, «Мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуының Қазақстандық жолы: нәтижелер, жетістіктер, болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Іс-шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып, Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары — Қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласы аясында өтті.

«Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы кейбіреулердің мемлекетіміз енді ғана даму жолын бастап отыр деген бұрыс пікірін қалыптастыруда. Бүгінгі Қазақстан — тарихи тамыры тереңнен бастау алатындықтан жемісті де қалыптасқан мемлекет. Өткен жылы біз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өттік. Бұл кез келген Қазақстан азаматына керек болды. Себебі біздің мемлекеттілігіміздің қайнары тереңде», — деді депутат К. Бұрханов.

Ерте заманда қазақтың тілінде «патриотизм» деген сөз болмаған. Бұл ұғым Қазан төңкерісінен кейін сөз қорымызға енді. Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүюден туындайды. «Патриотизм» - гректің сөзі. Оның қазақшасы - жерлес, Отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүю, оны жаудан қорғау. Қазақтар ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Қазақтың ұлтжандылығы, Отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал-мәтелдері дәлел. Мәселен, туған жер, Отан туралы мақалдар-мәтелдер:

«Туған жерге туың тік».

«Ит тойған жеріне,

Ер туған жеріне».

«Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас» т.б. болып кете береді.

Мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюуінің негізі болып табылады.

Қандай бір халық болмасын Отанын, елін, жерін сүймейтіні жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да жалпы шығыс, оның ішінде түркі тілді халықтардай Отанын, жерін, суын, табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келеді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты — «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» — деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Тәуелсіз елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі — Отансүйгіштік біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отаныңды жеткілікті дәрежеде сүю, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет.

Тәуелсіз еліміздің болашағы баянды болсын. Ата-бабамыздың асқақ арманына қол жеткіздік. Енді сол егемендікті жастар қолдан жіберіп алмаса деймін.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кубжасарова Асемгуль

2 «Ә» сынып, №15 орта мектеп

Қостанай қаласы

жетекші: Жамантаева Шолпан

e-mail: zhamantaeva71@mail.ru

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл

Біздің ел - Тәуелсіз мемлекет. Біздің мемлекетіміз өте бай, өйткені біздің кең байтақ жеріміз, байлыққа толы кеніміз, кең дария теңіз бен айдын шалқар көліміз бар, нулы орманымыз бен Сарыарқадай даламыз бар. Осы байлық, осы байтақ жерімізді ата бабаларымыз ұрпақтарына қандай ерен еңбекпен, ерлікпен, қандай қажырлылықпен, қандай батырлықпен, қандай данышпандықпен қол жеткізе білді екен? Менің жазғым келіп отырған ойым, мазалайтын сұрағым осы - біз осы Тәуелсіздікке, бейбіт өмірге қалай қол жеткіздік? Кім жеткізді? Кімдер тер төкті, жанын берді?

Мен Қазақпын, мың өліп,мың тірілген

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген - деп Қасым атам айтқандай, қан төгілді, көптеген шайқастар болды. Бұлардың бәріне дүбірлеп шапқан аттардың, қылыштан тамған азаматтардың қасық қаны қалғанша аянбастан күресін, ерлерін күтіп жылаған аналардың көз жасы тамған, жер қойнауында жатқан батырлар куә. Жерге деген, елге деген сұм соғыс, күрес - қаншама қыршыннан кеткен жастардың жандарын қиды.

Тарихтың тереңіне көз жүгіртсек, сонау Ежелден келе жатқан ата жауымыз, Жоңғарлардың байтақ жерімізге сұқтанып, ашкөзденіп қараған сұмырайларды жер бетінен жойған осы біздің ата бабамыз екенін білеміз. Ұлан байтақ жерімізді жауға бастырмаймыз, бермейміз, қорғаймыз деп, Жоңғарларды жер бетінен жойды. Одан кейін Қазақтың соңғы ханы Кенесары, азаттық үшін айрықша қылышын сермеді. Абылай деп ұрандатып ел еңсесін көтеріп, жігерлендіріп онда да, жауды біраз әлсіретіп, жеңе білген Қазағым. Елдің рухын көтерем деп, қаламның ұшымен - Абай, Шоқан, Ыбырай аталарымыз да рухани салада көп тер төкті. Одан кейін отаршылдардың біздің тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жоймақшы болған іс-әрекеті де ашындырды бізді. Сол кезде көптеген қазақ қырылып, өз Атамекенінен басқа елдерге қоныс аударып кеткен. Ахмет, Мағжан, Міржақып - ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Күшімізді біріктіргісі келген Алаштықтарымызды, халық жауы деп шетінен атып құртты.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

1942 жылда болған сұрапыл Ұлы Отан соғысы тағы өзі де әлсіреген Қазақ еліне құлағанға жұдырық болып тиді.

Аштыққа қарамай жігерлері ешқашан солмайтын қазағымды құлата алмады. Сол соғыста менің ұлы нағашы атам Жаңаберген ұлы Әмірхан соғысқа қатысып, Ұлы Отан соғысының Қызыл жұлдыз медалын кеудесіне тақты. Әжем Көбек қызы Күләнда - тыл ардагері.

Қазақтың қанына сіңген шыдамдылық, жігерлілік, батырлық пен батылдық қасиетін есімізден шығармай, ұмытпай, қайта жаңғырту біздің міндетіміз. 1986 жылдың желтоқсан көтерілісі ұлттық рухын өлместігін тағы да дәлелдеді. Желтоқсанның ызғарлы желі әлі де ұмыттырмас ол күнді. Қаншама жап жас өрендердің қанаты қайырылса да, еңсесін биік ұстады. Заман райы солай болды.

1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз ел атанды. Шын бағасын бар желтоқсан оқиғасы туралы дауыстап айтуға мүмкіндік туды. Осындай егемен елді бүкіл Әлем таныды. Алғашқы елбасымызды сайлап, алтынмен атын ойып жазатындай жарқын бейне - Нұрсұлтан Әбіш ұлы Назарбаев - біздің елбасшымыз тарих парақтарына енді.

Қаншама зардап шеккен ата-бабаларымыздың арманы - азаттықты, бейбітшілікті, тәуелсіздікті қаз қалпында сақтап, қастерлеп, қадірлеу - біздің міндетіміз. Елбасымыз сол зор аманатты – қазақ елі алдындағы зор міндетін бұлжытпай орындауда. Біздің кең байтақ даламыз, таулы өлке шыңымыз, жер асты байлығымыз, салт-дәстүр, тіліміз, дініміз, тарихымыз - бәрі, жас ұрпақ, біздің қолымызда.

Мен Көпжасарова Әсемгүл Арманқызы Қазақстан Республикасының азаматшасы, кіндік қаным тамған жер, жайқалған кайыңы мен қарағайы қалың өскен, орманды алқап, ауасы саф таза, Тобыл өзенінің сарқыраған жағасында, көктемнің жайма шуақ кезінде Қостанайда өмірге келіппін. Көктемде туылған соң әкем атымды Әсемгүл деп қойыпты. Еліміздің иісі хош, қараса көз тоймайтын, сұлу да әсем гүліндей мақтан тұтар гүлі болып өсуіме уәде беремін. Көпжасар тегім, Еліміздің Тәуелсіздігі көп жасасын! Нұрсұлтан жасасын! Әкемнің аты Арман, ата-баба армандаған, көксеген, азаттық, бейбіт, тәуелсіздік мәңгі болсын!

Отаным менің жүрегім,
Сен деп мәңгі соғады.
Ата-анам менің тірегім
Көңілім соған толады.

Кең байтақ менің жерім бар,
Кең пейілді елім бар.
Тәуелсіздіктің жалауын,

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мәңгілік биік ұстандар.

Азаттықтың бағасын,
Жадында болсын әрдайым,
Ата-бабамды аңсатқан,
Туды ғой бізге күн-айым.

Үміттің жібі үзілмей,
Жеткізді осы заманға.
Тарлы жол , тайғақ кешумен.
Данышпандықтың күшімен,
Аналарымыздың сүтімен,
Олжастардың мысымен,
Қайраттардың жанымен...

Байтағым, менің Қазағым!
Ақ көңілді ажарлым,
Сыйғыздың мынау кеудеңе
Сан алуан ұлттарын

Тілдерін, дінін таптамай,
Қолдадың әркез оларды.
Ниятің сондай жарқын-ай,
Жарайсың халқым, паналы.

Көп ұлтты мемлекетіміз,
Тыныш болсын күніміз,
Ашық болсын айымыз,
Ынтымағымыз жарасып,
Мәңгі болсын азаттық.

Сәбилік мынау, жүрегім
Боламын мен де сенің тірегің
Дана Абай айтқандай
Кетігін тауып елімнің
Кесегі болып қаланам.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қуандық Әли

9-сынып Б.Қолдасбаев атындағы
жалпы білім беретін орта мектеп
Қостанай облысы, Аманкелді ауданы
Жетекші: Амантева Айзада Амангелдіқызы

Биікке өрлеген – Қазақстан

*«Қазақстан – республикам, мақтанышым,
Мен сені жырламаймын мақтау үшін.
Құдайым маған құйттай жүрек берген,
Лүпілдеп сені сүйіп сақтау үшін!»*

Қымбат Әбділдәқызы

Жоспар:

- I. Әуелгі Отан ана алды, оттың басы...
- II. 1. Тереңінде тағылымым тарихтың.
2. Менің тәуелсіз Қазақстаным.
- III. Барыстай батыл болашаққа сенемін!

*«Әуелгі Отан ана алды, оттың басы,
Ауыл алды, аунаған шөптің қасы.
Сағынғанда тым ыстық көрінеді,
Жаста ойнаған үйшік қып сайдың тасы», -*

деп жырлаған Өтебай Тұманжанов атамыздың бұл өлеңі әрбір Отанын сүйіп, білетін адамның жүрегін тербетеді.

«Отан» - деген сөзді күн сайын естіп жүрміз, оны нәресте кезімізден білеміз. Отан – үйіміздегі ата-анамыз, достарымыз, туған жеріміз. Отан ол әр адамның жүрегін жаулап алатындай бір қуат, күш. Менің туып-өскен, ата-мекенім – Қазақстан. Әр қазақстандық өзінің отанын біліп, сүйіп, қорғап, аялап, мақтан қып жүрсе, ол өз-өзін Қазақстан азаматымын деп санауға болады. Біз өз елімізде ғана еркін жүре аламыз, еркін сөйлей де, жылай да аламыз. Біздің осындай еліміз болғанына өте қуаныштымыз.

Жалпы қазақ елінің тарихы тұңғиыққа толы сыр. Оның бәрін айтып жату оңай емес. Ерте заманда қазақ халқы қалыптасқаннан бері басынан талай қиыншылық кезеңдерді өткізді. Бірде қуанып, бірде жылап, бірде ашығып, бірде

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

зарығып, енді бір кездерде қайғырып та көрді. Халқымыз еш нәрседен тайынбай өзінің елі, жері үшін көтеріліске шықты. Бүкіл өмірі жаугершілікпен өтті. Олар не үшін күресті? Осы сауал жайында менің білгім келетін. Ал қазір білдім, түсіндім. Олар біз үшін, олардың болашағы – ұрпақтары үшін, жері үшін, оның байлығы үшін күрескен екен. Олар тәуелсіздікті, бостандықты еркіндікті аңсаған. Сол үшін, үміт отын сөндірмей жауымен тайсалмай күресіп, жеңе білді. Тарихта аты қалған, елі үшін өмірін сарып еткен батыр аталарымыз, би-шешендеріміз, хандарымыз жетерлік. Олардың өн бойынан да батырлық, батылдық, қайсарлық, тапқырлық, шешендік қасиеті табылған. Тәуелсіздікті жақындату жолында айбарлы да, қайратты Абылай ханның, дуалы ауыз Төле бидің, Жәнібектің батырлығын, дарабоз Қабанбайдың өжеттілігін, Бөгенбайдың батылдығын тағы да бетке ұстар аталарымыздың осындай қасиеттерін біліп, одан көп өнеге, үлгі, насихат алдық. Ата-баба мұраға қалдырған осы ұлан-байтақ қазақ жері паш етпек айғақтарының бірі, соңғы айғақ – Желтоқсандағы жастар шеруі.

Желтоқсанда шындық жырын жырлаймын деп шарқ ұрдың

Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.

Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,

Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның -

деп Мұхтар Шаханов жырлағандай қазақ жастарының егемендікті, тәуелсіздікті аңсап, оны орнату жолында көрсеткен батыл қимылдары қазақ халқының мәңгі есінде сақталмақ. Бүкіл қазақ халқын, қазақ жерін дүр сілкіндірген Міржақып айтқандай «оян, қазақ» деп қазақ халқына бір қозғау салған осы желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ халқының, яғни Қазақстан Республикасының өз елбасшысы сайланып, тәуелсіз, дербес мемлекет атанды.

Қазіргі таңда егеменді еліміз жер әлеміндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде өзінің Елтаңбасы мен Әнұранын, туы мен жалауын белгілеп, осы бір қастерлі, қасиетті белгілерінің мәнін әрбір ұрпақтың терең түсініп, оны қастерлей білуін талап етеді. Олар тек мемлекеттік белгілер емес, «Қазақстаным» дейтін жүректердің қозғаушысы.

Көк байрақ – туымыз көкке көтерілгенде, туға қарап толқымайтын жүрек, сезінбейтін сезім, тасымайтын көңіл, ұлттық мақтанышымыз пайда болуы сөзсіз.

Қарап отырсаң уақыттан жүйрік ештеңе жоқ екен. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздігімізді дүйім жұртқа жария етіп, ақ түйенің қарны жарылғаны кеше ғана еді. Содан бері сынаптай жиырма бес жыл өтіп кетіпті. Лепірген халық көңілі орнына түсіп, шарықтаған қиялы да қоңыр тіршілік үстіне қонақтады.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақтың қаншама жақсылары мен жайсандары өмірбақи армандап өткен тәуелсіздігінің тұғыры әлсіреген де емес.

Тәуелсіздіктің таңымен таласа туып, егемендігіміздің етегінен ұстай келген дүниелердің бәрі де қасиетті. Ең алдымен ешкімге де жалтақтамай, кім-кімге де көз сатпай өз бетімізше өркендеуімізге зор мүмкіндік туды. Өйткені, тәуелсіздікті ту етіп көтеру бар да, оны шайқалтпай ұстап тұру да зор міндет. Міне, осы орайда ел басынан еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін тәуелсіздікті нығайту жолында ел болашағы үшін білек сыбанып еңбек етуіне тура келді.

Тәуелсіздік – қазақ елінің тәу етер жалғыз киесі. Бодандықтың бұғауындағы кез келген халық тәуелсіздіктің не екенін жете ұғына алмауы мүмкін. Ал, бостандықтың бақыт екенін тәуелсіздіктің дәмін татқан адамдар жақсы біледі. Қазіргі таңда қазақ елін әлем таныды. Қыдыр қонып, бақ дарыған ел болдық, еңсе көтеріп, еркін тыныстар заман туды...

Біз, қазақ елінің ұрпақтары, болашақта туған тілімізді, дінімізді құрметтеп, ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрімізді аяққа баспай, бір-бірімізге кішіпейілдігімізді көрсетіп, адамгершілік қасиеттерден айырылмасақ, өркениетті елдердің алды болатынымызға еш күмән жоқ. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Жас ұрпақ! Еліңе де, жеріңе де ие өзің екенін ұмытпа», - деген ұлағатты сөзін есте ұстайық. Кең байтақ Отанымызды сүйіп өсіп, бабалар рухына адал болайық. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы тұғырында берік тұрсын. Біз келешектің ұрпағымыз. Сондықтан да біз осы сенімнен шығуымыз керек дей отырып осы шығармамды мына бір өлең шумағымен аяқтағым келеді

*Туған жер егеменді тәуелсіз ел,
Болашаққа нық басып буынған бел.
Көкке өрлеген байрақты желбіретіп,
Қуаныш пен шаттыққа бөлене бер.*

*Мақтанам кең байтақты елім үшін,
Құнарлы, мол шырынды жерім үшін.
Әрқашан биік шыңнан көрінгің деп,
Пейілім, о туған жер, тілегім шын!*

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қами Гүлмира

Ы.Алтынсарин атындағы
Рудный әлеуметтік-гуманитарлық
колледжінің
«Бастауыш білім беру»
мамандығының 2-курс студенті
Қостанай облысы, Рудный қаласы
e-mail: zhaylaubaeva@inbox.ru

Жетекшісі : Жайлаубаева Индира Жұбатқанқызы

Мен өз Отаныммен мақтанамын!!!

«Отан» деген сөзді естігенде бойыңды мақтаныш, құрмет, сүйіспеншілік сезімдері кернейтіні анық. Біздің туып өскен туған өлкеміз - Қазақстан. Ол біздің - Отанымыз. Қазақстанды жас ұрпақ «Отаным» деп мақтаныш сезіммен айта алу үшін де ел үмітін ақтаған, ел даңқын шығарған батыр, ержүрек бабаларымыз қас жаулармен күресіп, жан алысып, жан берісті. Ерлік бірлікте емес, жүректе деп Отанымыздың азат болу жолында ел намысын қорғаған батырларымыз аз емес.

Сонау ерте заманнан ұлымыз құл болмасын, қызымыз күң болмасын деп Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырларымыз елін Жоңғарлардан қызғыштай қорғаған алып тұлғалар.

Біздің халқымыздың мұңы мен зарын қорықпай әділ төреші бола білген хандарға дөп тауып айта білген Доспамбет, Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді жырауларымыздың да орны ерек. Қазақ балаларына «Кел, балалар, оқылық!», «Ғылым таппай мақтанба!» - деп үндеу тастап, ғылымға, білімге шақырған, ұйқыда жатқан қазақты «Оян, қазақ» деп «Маса» болып оятқан Ыбырай мен Абайды, Ахмет пен Міржақыпты айтпай кету мүмкін емес.

Бүкіл бір ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділетсіз шешім қабылданып, халықтың ар-намысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қаймықпай қарсы шыққан Қайрат, Ләззат пен Сәбира, Ерболдай Желтоқсанда үзілген жауқазындарымыз ұрпақтан-ұрпаққа үлгі.

«Батырдың аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші осындай тарих қойнауында аты қалған алып тұлғаларымыздың арқасында Тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да ерекше. Өйткені, Тәуелсіздіктің арқасында халқымыз тілі мен дінін қайта оралтты. Еліміздің ұлттық рәміздері қабылданып, салт-дәстүріміз жанданды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

елінің гүлденуіне аянбай күш жұмсап, тер төгіп жүрген тұлғалардың бірі де, біргеі Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

«Көреген басшы елді өсіреді, күшті майдан ерді өсіреді» демекші, еліміздің көркейіп дамып келе жатқаны Елбасымыздың арқасы. Биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы. Осынау жиырма бес жылда көптеген тың өзгерістер орын алды. Солардың бірі – Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей болған елордамыз Астананың күннен-күнге гүлденіп, дамудың даңғыл жолдында даралануы.

Астана өзінің тамылжытар тамаша табиғатымен ғана емес, зәулім ғимараттарымен де ерекшеленеді. Елордадағы «Астана-Бәйтерек» монументі мен «Бейбітшілік пен келісім» сарайына қарасаң көз тоймайды.

«Жаман көрші көңіліңді қалдырар, жақсы көрші жұлдызыңды жандырар» демекші Елбасымыздың озық саясатының арқасында шекаралас жатқан елдермен тату-тәтті экономикалық қарым-қатынасымыз тұрақты. Жыл сайын Қазақстанда ауқымды Құрылтайлар мен съезд, Халықаралық кездесулер ұйымдастырылады. Сонымен қатар жыл сайын Президент халыққа жолдауын ұсынып, елдің әл-ауқатын одан әрі жақсартуға үндейді. Солардың ішінде «100 мектеп, 100 аурухана», «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегияларын айтуға болады.

Нұрсұлтан Әбішұлы бір сөзінде: «Біздің мақсатымыз- өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзімізді ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуды жалғастыру» - дейді. Яғни, біз тегеуріні мықты елдердің қатарына қосылып қана қоймай, үздік ондықтың қатарына ену керекпіз деген ой тастады.

Қазақстан тек экономикалық дамумен ғана емес, өнер, спорт жағынан да алдыңғы қатарларды иеленуші мемлекет. Оған дәлел жыл сайын өткізілетін әлемдік спорт олимпиадаларында спортшыларымыздың қанжығасына байлаған жеңістері. Серік Сәпиев, Илья Ильин, Данияр Елеусінов, Дмитрий Баландин, Ольга Рыпакова, Мая Манеза, Жазира Жаппарқұл сынды спортшыларымыздың ел туын әлем көгіне көтеріп, елдің атын әлемге мойындатуы үлкен мақтаныш.

Еліміздегі елеулі жетістіктердің бірі - алда жоспарланып отырған «ЭКСПО-2017» көрмесі. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынып отыр. Осы көрме Қазақстанның әлеуетін көрсетуге үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. Көрменің жоғары деңгейде өтетініне сенімім мол.

Елбасымыз еліміздің дамуына жастардың қосатын үлесі зор екенін әр кез айтып отырады. «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» деп, жастардың білім алу үшін «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елде білім алуға мүмкіндік жасады. Осы жылдың басты жаңалығы-үштілділік саясаты. Үштілділік жөнінде де Елбасымыз «Тілдің үштұғырлығы мәдени

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық тіл және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеу жолдады. Осы үндеу жастардың көңілінен шығып, әрі қарай өз қолдауын тапты.

«Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - білімді жастардың қолында» демеші, мен де өз елімнің дамуына үлесімді қосқым келеді. Болашақ мамандығым – бастауыш білім беру мұғалімі болғандықтан, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, бірнеше тіл білетін білімді де білікті, талапшыл ұстаз болуды мақсат тұтамын. Абай атамыз: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» демекші, осы өмірдің кірпіші болып қаланып, халықтың игілігі үшін қызмет еткім келеді. Мен өз Отаныммен мақтанамын! Менің Отаным әлемдегі ең керемет ел!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Нурсеитов Абылайхан

1 сынып, №15 орта
мектебі,

Қостанай қаласы,

Жетекші: Серикова Айзада Алданышовна
e-mail Aizada.A.C.79@mail.ru

Тәуелсіз Қазақстан

Мен мектеп табалдырығын аттаған кезден бастап Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих деген сөздердің мағынасын терең ұғынып келемін. Алғаш рет ұстазым «Ата заң» туралы түсіндігенде мен өз құқығымды қорғай білетін елдің азаматы екенімді түсіндім. Ал, тәуелсіздік – ұлы ұғым. Бұл дегенің – жақсы өмір сүруге арналған құқығың. Үрей атаулыдан аулақ, емін-еркін тірлігімізге кірісеміз. Өзге елдің табалдырығын аттасақ, «Біз – Қазақстан деген тәуелсіз елденбіз» деп мақтанышпен айтамыз. Әрбір адамның өзінің Отаны, жері, мәдениеті, салт-дәстүрі бар. Сол сияқты менің де Ұлы Отаным бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстаным. Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – мемлекеттің тарихы, көне мәдениеті қалыптасқан ұлы мемлекет. «Қазақстан тарихына Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл мемлекеттік және халықаралық мейрам. Біздің мемлекетіміз көп ұлтты мемлекет. Қазақстанның барлық халықтары достықпен, береке-бірлікпен тұрып жатыр. Бүгін өзімнің Қазақстаным туралы көптеген жақсы сөздер жазғым келеді. Отанымның ең басты тағдыры тәуелсіздігі мен егемендігі! Сөз жоқ, Қазақстан халқы үшін ұлы күн. Бұл барлық еңбекқорлықтың, халықтардың достықтың нәтижесі.

Біздің Ата Заңымыз – негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз.

1991-жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Қазақстан тарихында бұл күн ешқашанда ұмытылмайтын, халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық. Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Мен өз халқымның ешкімге қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға барлық ұлт, халық достықпен, сеніммен қарайды. Біз — жасампаз халықпыз. Отан ұғымы – қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да, және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де — әрқашан да бәрінен де биік тұрады. Еліміз тәуелсіз елдер

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай-ақ біледі. Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгіп тұрғандай. Қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды. «Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» — деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс күймейсің», — дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар. Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған. Қазақ батыр халық, ержүрек халық, намысшыл халық. Ел басына қиын – қыстау күн туғанда ерлері намыс отын жағып, туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих куә.

Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Ең бастысы, Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын Қазақ халқы құрайды. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды.

Біз келешек ұрпақ алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты. Егер біз сонау тарихымызға көз жүгіртіп байқасақ, ежелден–ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, жауына қатал, досына адал, ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз. Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған.

Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілімін. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пиде еткен. Қазіргі таңда Тәуелсіздік — барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі — ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету еді. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы. Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Тәуелсіздік бізге тек бақыт пен ырыс алып келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Елордамыз Астана гүлденіп жайнай берсін. Әр Қазақстан азаматы мемлекеттік тілін меңгеріп, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеп, өз Отанын қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

— сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы.
Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол
арманға біздің қазақ халқы жетті. Мен өз ойымды мына өлең шумақтарымен
аяқтағым келеді.

Көтерілді биікке, Қазақстан байрағы,
Бар әлемге танытқан қасиетті пырағы.
Елтаңбаға қараймыз, Тәуелсіздік туғалы,
Әнұранды шырқаймыз, биікке бел буғалы.
Тәуелсіздік, тәуелсіздік – тәуелсіздік бағында,
Табынамын жасасын деп елімнің –
«Тәуелсіздік», «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» - жолында!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сапарғалиева Ақерке

8-сынып, А.Нұрманов атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі»КММ
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Байғабыл ауылы
Жетекші: Жапарова Асел
Мұратәліқызы

Тәуелсіздік толғауы

Жоспар:

I Ұлы дала баласы

II Тарих толқыны

III Мәңгілік Ел-мұратымыз

Өсірген Дариға, Динара, Әлиясын

Жақсы әке-жаны жомарт дариясың.

«Ел үшін ер Нұрсұлтан аман бол!» - деп

Тілеген көрдік елдің қариясын.

Жаннан да тәтті Тәуелсіздігіміздің туын құлатпай көтеріп келе жатқан Президент-Елбасы-Ұлткөшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы. Тәуелсіздікке жету қандай қиын болса, оны ұстап тұру сондай қиын. Бұл артық айтып мадақтау емес, ондай мақтауға ол зәру де емес. Өзгесін былай қойғанда оның мемлекет құрушы ұлы тұлға екендігі даусыз. Басқару жүйесі жолға қойылған, қолдаушы киесі-мығым экономикасы, мықты жүйе құрылымдары мызғымас тіректері бар мемлекетті басқару оңай емес. Күл талқаны шығып қираған экономикасы, төрт қабырғасы қаусап қалған елде жаңа мемлекет құру-қияметтің қыл көпірі. Келмеске кеткен кеңестік мұраға қалдырған сан саланы түгел қамтыған саналуан қиындықтан қиялап шығып, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру-тақыр жерге тау тұрғызғанмен, сахараның шөлін гүлге бөлеп, тамұқты жұмаққа айналдырғанмен бірдей. Еңбеккер еліне, кең қолтық халқына арқа сүйеген, жеке басының қуаныш-қайғысын ұмытып, Алатаудай ауыр жүк арқалаған, сол жүктің ауып қалмауы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндізгі күлкіні, түнгі ұйқыны құрбандыққа шалып аянбай, тапжылмай еңбек еткен, алдағыны көріп, алысты болжаған Елбасының бұл тарихи ұлы ісін біз ғана емес, бүкіл әлем оның кемел ойлы кемеңгерлігі мен ерлігі деп бағалады. «Нұрсұлтанның алдағыны анық көретін, алысты болжайтын данышпандығының мыңнан бір мысалы елімізді сұм аймағының темір құрсауында қалдырмай төл теңгемізді шығаруы болса,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

екінші бір дәлелі - ұлттық қор құруы», - деп Қостанай өңірінен шыққан Сәбит Досановтың Нұр ағамыздың кемеңгерлігін жазғанына қарағанда Елбасымыздың нағыз азамат екенін аңғаруға болады. Қазақта мынадай даналық сөз бар:

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.

Осы даналық сөз бейне бір Нұр ағама айтылғандай. Нұр ағамның Ұлы Дала баласы екені ақиқат.

Халқымыз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Елбасы деп атайды. Бұл-халықтың жүрегінен, шын пейілінен, ризашылығынан шыққан сөз. Елбасы-бүгінде елдігіміздің символы, бірлігіміздің алтын арқауы. 25 жыл бұрын қазақ елі қиын-қыстау күндерді бастан өткізді. Бүгінгі ең басты құндылығымыз тәуелсіздігіміз десек, оған жетудегі сан-салалы бұралаң қалтарыстардың барлығы да қазақ баласының көкірегінде сарнап тұруы керек. Тәуелсіздіктің бізге берген талай мүмкіндіктерін дұрыс игеріп, талай жыл бұғауда болып, ашына бермеген құпиялар заманында ұлт келешегі үшін тер төккен арыстардың сара жолдары бүгінгі жастарға үлгі болуы тиіс. Тарих парағын ақтарып отырсақ, көз алдыма әп-сәтте бабалар жорығының даңқты дүбірі, заман сыры, қуатты үні мен аласапыран майдан елестейді. Үш мың жылдық тарихы бар қазақ халқының, оның терең тамыры түркі халқының жауынгер бейнесін мақтанышпен шартарапқа айтуға болады емес пе?.. Ия, өмір – өзен. Әйтсе де өзен толқындары сол кезден бізді алыстатып бара жатса да, жүрегімізде мәңгі ұмытылмас бір нәрсе қалды. Ол – өз басымыздан кешкен, өзімізді жоғалтқан, өзімізді қуантқан не күйдірген, дархан даламызды дүбірлеткен өмір – тарих. Бір сәт тарих беттерін ақтарып қарайықшы... Өткенге көз салсақ, Еуразия даласын ат тұяғымен дүбірлеткен байырғы Түркі қағанаты, Монғолдар мен Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының отаршылдық саясаты, Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, Тоқырау жылдары т.б. «Біздің тарих бұл-дағы қалың тарих», - деп арқалы ақын Қадыр Мырза Әли айтпақшы, сан қабатты тарихымыздың Керейдей еңселі ханымыз бен айбынды Жәнібек хан жаңа елдің босағасын қағып, шаңырағын көтергенін айтсақта жетеді. Түркі тарихында төрт ғасырға жуық және одан көп уақыт өмір сүрген мемлекеттердің саны-төртеу. Солардың бірі де бірігейі іргетасын 1465 жылы Жәнібек пен Керей хан құрған және соңғы ханы Кенесырының дүние салуымен 382 жылдық билігі аяқталған-Қазақ хандығы. Түркі мемлекеттері ішінде ең ұзақ билік құрған бірінші мемлекет - 623 жыл өмір сүрген Осман империясы, екінші мемлекет 420 жыл өмір сүрген Бұхара хандығы, үшіншісі 408 жыл өмір сүрген Хиуа хандығы. Тұлпарсаз-Шу өзенінің жағалауындағы саз. Осы жерде Жәнібек пен Керейді ақ киізге көтеріп, хан сайлады. Әбілқайыр ханнан бөлініп, жүректерінде азаттық пен

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

еркіндіктің жалыны жанған, елін ерткен олар асқан ақылды, салиқалы саясат жүргізді. Қазақ халқы хандықты құрып қана қойған жоқ, оны ғасырлар өте әлем халқы таныған мықты елдер қатарына қосуға қазіргі уақытта еңбек етуде. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Қытайдың билігінен аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік Мәңгілік Ел идеясын жандандырушы ұлы тұлғаның ерлігі. Ел басына түскен қиыншылыққа қасқайып қарсы тұрған Абылай елді біріктіріп, Қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға болса, жаңалығы желмен жарысқан XXI ғасырда «Мәңгілік Ел» идеясын жандандырушы сарабал саясаткер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев екендігін мақтанышпен айтуға болады. Сондай сұрапыл соғыстардың бірі - төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін болған – Ұлы Отан соғысы...

Міне, табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік арқасында жеткен Жеңіске 71 жыл толып отыр. «Соғыс – бұл талай ұрпақтың қайғысы, әрбір үйдің қасіреті, бақытсыздыққа ұшыраған балалық шақ, жесірлер мен аналардың көз жасы, миллиондаған ерлер мен әйелдер, қарттар мен балаларды аяусыз қыру, аштық пен қайыршылық, қалалар мен ауылдарды жойып жіберу, ұлттық байлықтарды құрту, мәдени құндылықтарды жою» - деп, Ұлы Отан Соғысының батыры, халық қаһарманы Б.Момышұлы айтпақшы, сұм соғыстың қарапайым халыққа тудырған қасіреті мен залалы көп. Осы бір үрейлі соғыста қанша бабамыз қыршыннан қиылды, қанша сәбилеріміз жетім қалды?.. Бұл соғыс қайғы әкелмеген бірде бір отбасы болмады. 71 жыл аз уақыт емес. Дегенмен де, сол соғыста түскен жүректегі жара әлі ұмытылар емес... яғни, ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды. Себебі, бүгінгі таңда тарихын саф алтын сақтар, бабаларымен мақтанар саналы ұрпағы бар!! Ендігі жерде ерлеріміз қолдарына қару ұстамайтын, сәбилеріміз жыламайтын бейбіт заманымыздың шамшырағы сөнбесін!

«Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII съезінде Елбасымыз айтып кеткендей, біздің ортақ мүддеміз-тұрақты, біртұтас және өркендеген Қазақстан құру, Мәңгілік Ел болу. Бірлік арқылы тұрақтылыққа, тұрақтылық арқылы жасампаздыққа жол бастау-біздің айнымас қағидамыз. Мәңгілік Ел, Мәңгілік мемлекет, Мәңгілік халық. Егемендіктің елең еткізген шағында Елбасы: «Күшіміз - жауапкершілікте. Бірлігіміз - әралуандықта. Еркіндігіміз - келісімде. Абыройымыз - игілікте. Қауіпсіздігіміз - ашықтықта. Тәуелсіздігіміз - серіктестікте. Болашағымыз - бүгінде», - деп айтқан болатын. Бүгінде бұл құндылықтар бізді алға сүйрейтін шамшырақ іспеттес. Елдің өркендеуі мен тәуелсіздігі, азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік, әділдік, заңның басымдығы, отбасы және дәстүрлер - бұл құндылықтардың бәрі мемлекетіміздің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің тұғырлы іргетасы екені сөзсіз. Бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырыздығы мол. Татулықтан асқан құндылық жоқ.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бүгінде еліміз осынау байлығымызбен мақтана алады. Көшбасшымыздың сөзімен айтсақ, Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы-біздің елдігіміздің түп-тамыры. Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан ғасырлық арманын ақиқатқа айналдырды. Мемлекет басшысы: «Мен - өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын» деген болатын. Көшбасшы болу кім-көрінгеннің қолынан келе бермесі ақиқат. Ол үшін халықты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін патриоттық, ұлттық идея керек екені, күмәнсіз шындық. Ұландары шетінен мәңгүрт елдің болашағы бұлыңғыр екені көне тарихтан белгілі. Сол себептен рухани жан дүниесі бай, ой-өрісі биік саналы ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Бүгінгі жаһандану дәуірінде «Мәңгілік Ел»идеясы бағзы түркілік тектік-болмысымыздың, асыл тұрпатымыздың заманауи жаңғыруының, озық, қуатты ел болып гүлденуінің кепілі.Осы ақиқат біздің баршамызды бір мақсат, бір мүдде жолында, Елбасының төңірегіне бірігіп қызмет етуге жетелейді дегім келеді. Тәңір берген тәуелсіздікті қадірлейік ағайын! Қазақта ел қамын ойлайтын азаматтар көп болсын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сейтхан Асель

«Қостанай қаласы әкімдігінің
білім бөлімінің №18 мектеп-гимназиясы» ММ,
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,

Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба
жолымен алдық деп ойлаймын

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігіне 25 жыл

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы - теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы - ерекше тарихи жетістік. Айта берсек 21 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», — деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тәң барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып еткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы.

Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Әрине тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде тұрған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге - мұра, ұрпаққа - ұран болып келе жатыр. Ұлт –азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақтың» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятамын анық. Сондықтан да ата, аға-апаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету - біздің перзенттік парызымыз деп білемін. Тәуелсіздік жолы - азамат жолы. Егемен елдің азаматы - арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Тәуелсіздік жолы - үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз - тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік кейде жолға түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан 25 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Тәуелсіздік - тәу етер жалғыз кие. Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз - тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат - қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанды қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сайлаубай Жаннұр

Ы.Алтынсарин атындағы

Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

мамандығының 2-курс студенті

Қостанай облысы, Рудный қаласы

e-mail: zhaylaubaeva@inbox.ru

Жетекшісі: Жайлаубаева Индира Жұбатқанқызы

Ел боламын десең, бесігіңді түзе

«Ел болам десең , бесігіңді түзе» демекші ең әуелі өз еліңнің тарихын, мәдениетін, тілің, дінін сонау кішкене кезден бастап-ақ құлағына құйып, бойына сіңіргеніміз өнегелі іс болары анық. Атаның ақылын тыңдап, ананың ақ сүтінен нәр алып өскен әр қазақтың баласы өз елінің рухын көтеріп, патриот болып өсетініне сенімім мол. Біз – қазақ ұлты қанымыз, жанымыз бір рухты халықпыз. Мен – өз елімнің патриотымын. Ата-бабамыздан мұра болып қалған тарихымызды, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді мақтан тұтамын. Өз елімнің тарихына көз жүгіртер болсам 1465-1466 жылдардағы ең алғаш Қозыбасы жерінде Керей мен Жәнібектей сұлтандарымыз туын тігіп, қазақ хандығын құрған болатын. Міне, біздің тарихымыз сол кезден бастау алып, әлі де өз жалғасын табуда. Халқымыз ұлт болып қалыптасуда талай қиындықтардан өтіп, өз тілін, дінін тұтастай сақтап қала алды. Кеңес Одағының орыстандыру саясатына қарсы шыққан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов тағыда басқа ұлт зиялыларының елім деп еміреніп, маса боп ызыңдап, «Оян қазақ» деп ұрандата халқымызды сонау шырғалаң уақытта ұлт ретінде сақтай білді.

Кеңес Одағының боданында болса да өз тәуелсіздігін мойындата білді. Ең алғаш рет еліміздің тәуелсіздігін он сегіз мемлекет бір аптаның ішінде мойындады. Бұл әрине үлкен жетістік болды.Тәуелсіздікке жету жолында талай боздақтарымыз жан аямай қанын төкті. Қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын оқиға Желтоқсан көтерілісі еді. Елі үшін еміренген Қайрат, Ләззат, Сәбира аға-апаларымыздың ерлігі ерен, болашақ жастардың мәңгі жадында сақталып қалмақ. Міне, бүгінгі таңда біз қазақ ұлты өз алдына жеке мемлекетпіз. Байрағымыз көгімізде желбіреп, әнұранымыз жүрекпен орындалып, бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Тек қазақ ұлты емес өзге ұлт өкілдері де бір шаңырақ астында өз туған жерлеріндей мемлекетімізде бірлікте, татулықта өмір сүріп жатыр. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ ұлттығын беріп, өз діңдерін ұстауға еркіндік берді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ерен

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

еңбегінің арқасында халқымыз тыныштықта, Отанымыз еркіндікте. Осындай Президентіміз бар елімізде жастарымыз әрқашанда жетістікке жету жолында дараланып келеді. Тіпті шетел асып жаңашыл білімді меңгеріп, өз елімізге оралып, экономика, мәдениет, спорт салаларында өз үлестерін қосуда.

Қазақстан жастарының толағай табыстары егемен еліміздің үлкен бір белеске көтерілуі. «Біз бәріміз бір атаның Қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол - тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық.

«Қазақстан-2050 стратегиясы» осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің ұрпақтар сабақтастығының көрінісі бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, «Мәңгілік ел» боламыз деп» Елбасымыз жалынды жастарға үлкен үміт береді. Әрине, ұрпақтарымыз бабаларымыздың ерлігін бүгінгі таңда сөзсіз мақтан тұтып, тарихын білсе, болашақта Мәңгілік ел болуымызға зор ықпалын тигізері анық. Мен өз елімнің патриоты ретінде тәуелсіздікке арнаған арнауымды тарту еткім келеді:

Көк аспанда желбіреді байрағым
Шырқалып әнұраным айбарлы.
Ақ қағаздың үстіне сары алындай әріппен,
Жазылады ұлы елдің сырлы, жырлы тарихы.

Жаса, жаса егеменді ұлы елім
Шарықтай бер биік-биік шындарға.
Болсын Ұлы перзенттерін қадірлер,
Рухы күшті, қаны бір жүректі.

Қазақ елі дегенде барлық әлем
Дүркірер кезің болсын әрдайым.
Мәңгілік ел мұратына жетуде,
Боламын мен тілекшің перзентің.

Тарихымның ірге тасын қалаған
Керей мен Жәнібектей сұлтандар.
Мақтан тұтам бабаларым салған жол,
Біз ұлымыз – мәңгілік ел Қазақстан.

Осынау құдіретті сөзді біздің елдің әрбір азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ. Тек әрдайым еліміз аман, аспанымыз ашық, көк байрағымыз биікте желбіреп, жас ұрпақ өз елінің патриоты болып, әрқашан Қазақстанды мақтан тұтсын деймін. Осы шығарманы Түркістан Автономиясын құрушы, ірі қоғам – қайраткері М.Шоқайдың сөзімен аяқтағым келеді: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес». Сондықтан да ұлтымыз рухты, жеріміз тыныш, бейбітшілігіміз ұзағынан болсын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Секенова Мереке

8- сынып Қараторғай орта мектебі

Қостанай облысы Арқалық қаласы

Жаңақала ауылы

Жетекші: Рахымбекова Шынар Ерғарақызы

e- mail: kar.ark@ rambler.ru

Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер- мұң!
Кеше сенің келбетінді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің !
Уа, Еркіндік, қош келдің!

Қалқаман Сарин

Менің Қазақстаным

Ана құрсағынан шыр етіп дүние есігін ашқан кез-келген адамзат баласының Отаны, елі, туған жері болуы тиіс. Туған жер әр адамға ыстық. Алыс кетсең сағынып, келсең мауқынды басар, жүрегінді елжіретер, бір керемет қасиеті бар құдіретті мекенің.

«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» демекші, Мен Отаным - Қазақстан жайлы айтар болсам, Тәуелсіз Қазақстанның өз тарихы ерекше.

Қазақстан жері ұлан байтақ. Жер көлемі жағынан дүние жүзі бойынша 9-шы орында екені бізге мәлім. Пайдалы қазбалары да өте көп мол. Бүгінгі күнде дамыған әлемге әйгілі мемлекет.

Еркіндік. Бостандық. Тәуелсіздік. Осы үш мағыналас сөздердің менің елім Қазақстан үшін мәнісі өте зор. Талай жыл еркіндік пен бостандықты армандаған қазақ елін бүгінгі таңда - Тәуелсіз Қазақстан Мемлекеті деп мақтана айта аламын.

1991 жылы 16 желтоқсан күні көк туымыз желбіреп, тәуелсіздігін алған қазақ халқы көз жастарын сүртіп, қуанышты күнді қарсы алды. Міне, содан бері 25 жыл болды. Яғни, ширек ғасыр өтті. Тәуелсіздіктің көк туы желбіреп, қазағым қырандай самғап, еркіндікте өз елім, өз жерім деп мақтанып, шаттануда.

Менің елім басқа елдермен терезесі теңесіп, қалыспай қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет. Сол елмен бірге мен де қарыштап алға басамын. Еліммен мәңгі жасаймын.

Әрине, бұл күн бізге оңайлықпен келген жоқ. Әсем табиғаты көз тартатын, елі бай, жері шұрайлы байтақ даласын қазақ кімнен қорғамады? Тарихты ұмытуға болмайды. Өткенге оралатын болсақ, осы азат күн үшін

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ата-бабамыз, әпке-ағамыздың қаншама көз жастары мен қаны төгілді. Бұл бостандықты халқымыз бұрыннан тілеген. Сонау «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» аламаты, «Кіші Қазан төңкерісі», қазақ жерін найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батырлар Қабанбай, Бөгенбай, Исатай мен Махамбет көтерілістері осы азат күн жолында болған қанды шайқастар. Осы көтерілістерден кейін енді ғана есімізді жиып келе жатқанда Ресей бодандығына кірдік. Бірінші тіліміз бен дінімізді жаулады. Қазақ елін жаппай орыстандыру саясаты белсене жүргізілді. Қаншама халық қолдан жасалған аштықтан қарылды. Дәл осы кезде Германия Ұлы Отан соғысын ашты. Бар жиған-тергенін, азық-түлігін майданда жүргендерге берді. Қаншамасының майданда көзі жұмылды. Қаншамасы белгісіз кетті. «Бәрі де Отан үшін» деп атойлаған қазақ батырлары жанқиярлықпен ерлік көрсетті. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен бүгінде аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз қатаң мінезді, айбынды жүзімен жауынгерлерден әскери катал тәртіпті талап еткен ұлтжанды қазақ батыры.

Рахымжан Қошқарбаев, Рейхстагқа ту тіккен, жеңіс туын биікке алғаш көтерген қазақ батыры.

Шығыстың қос жұлдызы мен батыр қыздары - Әлия мен Мәншүктің жасаған ерліктері мәңгілік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ел есінде қалады.

Ақиқат жолы қашанда ауыр. Желтоқсан оқиғасы көзден де, көңілден де кетпейді. Қазақпын деген әр адамзаттың жүрегінде тәуелсіздікке деген күштарлық басым болды. Қазақ еліне басшы болуға басқа ұлт өкілі келді. Міне, бәрі осыдан басталды. Мен қазақпын деген жастар Сәбира, Лаззат, Ербол, Қайраттардың соңынан еріп билікке қарсы шықты. Сондағы ұрандары «Қазақ елін қазақ қана басқаруы тиіс». Әрине көтеріліс болған соң, қаншама жазықсыз аға-әпкелеріміздің қаны судай төгілді. Қаншама қазақ жастары күйтұрқы саясаттың құрбаны болды. Қаншамасы қуғынға ұшырады.

Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков желтоқсан оқиғасы кезінде Алматы құрылыс-архитектор институтының студенті еді. «Маған өлім – қорқынышты емес, өйткені адалдығым адан да биік тұр», - деп Қайрат Рысқұлбеков Желтоқсан құрбаны болды.

1991 жылы 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні болып жарияланды. Осы жылы 1 желтоқсан күні Президент сайланды. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар армандаған арманға қол жеткіздік. Елім елдігін көрсетті, экономикасын дамытты, саясатын жақсартты. Құрып кетуге шақ қалған діні мен тілін, салт-дәстүрін қайта жандандырды.

Еліміз кәрі тарихтың қандай қаһарынан да, талай тар жол, тайғақ кешулерден де аман өтті. Ойсыраған ортамыз оңалды, түскен еңсеміз көтерілді. Береке бірлігімізден айырылған жоқпыз. Еркіндік пен азаттыққа қол жеткізген Тәуелсіз елдің ұлыжүрегі - Астанамыз салынып, Ақордамыздың тігілді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Астана сәулетті де сәнді қала. Астана қазақ елі болашағының қаласы. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. Астананың символына айналған Бәйтеректен бастап айтатын болсақ, мұндағы көк тіреген сұлу ғимарттар қаншама. Адамзат баласын бірлік пен татулыққа шақырған Бейбітшілік пен келісім сарайы, бүкіл қазақ мемлекетінің шежіресі мен қуатын бойына жинаған көк тіреген «Қазақ елі» монументі. Президенттің мәдениет орталығы, «Думан» орталығы, Цирк үйі, кітапхана ғимараты, Тәуелсіздік сарайы, Хан шатыры, Спорт кешені т.б ғимараттар әсемдігімен ерекшеленеді.

Біздің тәуелсіздігімізді мойындаудың ең маңызды тұсы әрине, Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы. Бұл дегеніміз еліміздің БҰҰ мүшелігіне кіруге талаптанған елдерге қойылатын талаптарға сай болғандығы. Еліміздің БҰҰ кіруі 1992 жылдың 2 наурызында жүзеге асты. Бұған басты себеп Қазақстан егемендікке қол жеткізген алғашқы күннен бастап, басқа елдермен бейбітшілік бағытын ұстанып алақөздік танытпады.

Астана қаласында ОБСЕ, Самит, Азия ойындары өтті. 2017 жылы ЭКСПО-2017 көрмесі жариялануда. Елбасымыздың Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру жөніндегі әйгілі істері Қазақ елінің елдік деңгейін әлемге бірден танытты.

Елбасымыздың жаңа саяси бағдарламасы - «Қазақстан-2050» стратегиясы. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихында біз аяқ басатын жаңа дәуір келбеті. Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп жастарға сенім артты. Енді біз сол сенімге лайық болуымыз керек.

Мемлекеттік тіл - бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан. Қазіргі заман талабы үш тілді меңгеру өзекті мәселе болып отыр.

25 жылда елімізді әлемге танытқан спорт, мәдениет, кино саласы. Көк туымыздың биіктерден көрінуіне ат салысқан спортшыларымыз аз емес. Олимпиада чемпиондары - Ермахан Ибраймов, Бекзат Саттарханов, Мұхтархан Ділдәбеков, Болат Жұмаділов, Дәулет Тұрлыханов, Ольга Шишигина, Майя Манеза т.б. қаншама спортшылар қазақтың атын әлемге танытты.

Мәдениет саласында «Ұлытау» тобы бірнеше шет елдерде бас жүлдеге ие болып жеңімпаз атанды. Қайрат Байбосынов, Майра Мұхамедиярова т.б. өнер иелері қазақ мәдениетін мойындатты.

Кино саласында төл туындымыз «Қыз Жібек» фильмі. Өнерде лайықты бағасын алған. Бұл фильмде де басты мақсат халықты жаудан азат

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ету. Тәуелсіздікті аңсау «Жау жүрек мың бала», «Санжар» фильмдері – тәуелсіздікті орнатудың шынайы көрінісі. Осылардың бәрі тәуелсіздігіміздің жемісі.

Мен Отанымды жақсы көремін. Мұқағали атамyz айтқандай «Отан – біздің бақытымыз. Біз - Отанның болашағымыз».

Қазақ елінің төрінде Елтаңбасы ілініп, көгімде көк туымыз желбіреп, кең далада Әнұран шырқап ойнағанда, мен қолымды жүрегіме қойып, менің елімнен басқа бақытты ел бар ма деп, басымды тік көтеріп, маңғаздана болашаққа нық басамын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ткенов Берик

9 класс, КГУ «Пригородная средняя школа»
ГУ «Отдел образования акимата
Житикаринского района»
Костанайской области
Руководитель: Курманова Жанат Муратовна
prg.jit@mail.ru

Мәңгілік ел - біздің қолымызда

Мен – жаңа ғасырдың жас ұрпағы, егеменді елдің ертеңімін. Сондықтан жас тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін қалаушы «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп Абай атамыз айтқандай, кірпіші болып қаланып, ата – баба ерлігін қастерлеп, дәстүрге берік болып, отанымның өркендеуіне мен де өз үлесімді қосқым келеді. Өйткені менің ақ жаулықты әжем – Есенбике, өмірден көргенін, білгенін, түйгенін үнемі айтып отырады. Өзінің балалық шағы мен қазіргі балалардың балалық шағының арасы жер мен көктей дейді. Еліміз егемендігін алып, көп жетістіктерге қол жеткізді, қарыштап дамып жатыр. Балаларға жан - жақты оқып, білім алуға бар мүмкіндік бар. Біздерге жақсы оқып, елге сыйлы азамат болыңдар деп айтудан жалыққан емес. Сондықтан мен қазір жақсы оқуға талпынамын. Мектепті бітірген соң қандай мамандық тандасам да, құстай биік ұшып, тауға өрлеп шықсамда еліме құшағымды жайып жүремін.

Өйткені, мен – егеменді елімнің ертеңімін, сондықтан Отанымның болашағы үшін өз үлесімді қосуға тырысамын.

Біз жастар Қазақстанның болашағымыз, туып өскен жерімізді, елімізді оп-оңай бере салмаймыз. Еліміз үшін барлық қиындыққа төтеп беруге дайынбыз. Өйткені Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғығы толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүрсілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз, айыптамаймыз да. Себебі, бұл-тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналықты жадымызда ұстайық!

Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарында келеді. Еліміз тәуелсіз ел, дербес мемлекет болып XXI ғасыр табалдырығын сенімді

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

аттағанбыз. Ел өз қалауымен президентті сайлап, Ата Заңымыз бен мемлекеттік рәміздерді қабылдадық. Ана тіліміз - қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Қазақстанның астанасы - Астана қаласы. Ол күннен күнге жаңарып, жаңа белестерге көтерілуде.

Елбасымыз биылғы Жолдауында көптеген мәселелерге үлкен көңіл бөлген. Соның бірі – әлемнің дамыған отыз елінің сапына қосылу. Алдыңғы қатарлы елдің қатарынан көрінуге Қазақстанның мүмкіндігі жетеді.

Жолдау - ел ертеңі жастардың қолында екенін айқындатты. Елбасымыз айтқандай біз жастар ғылым мен білімнің арқасында еліміздің еңселі болашағын құратын боламыз.

«Мәңгілік ел» - біздің қолымызда. Сондықтан да әрбір жас осы идеяны жүзеге асыруды өзінің басты мақсаты мен міндеті санауы тиіс. Мәңгілік қазақтың перзенті – жастар. Мен де елімнің болашағы үшін өз үлесімді қосамын, жақсы оқып, әрбір сайыстарға, олимпиадаларға қатысып, болашақта жақсы мамандық таңдап, өз парызымды атқарамын. Өткені отанымыздың жетістіктері - әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Жолдауда айтылғанның бәрін орындау керек. Сонда еліміз аман, жұртымыз тыныш болады.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда барлық қазақстандықтар жұмыла еңбек етулері қажет деп ойлаймын. Сонда біздің тәуелсіз еліміз күн сайын көркейеді, дамиды. Осындай елмен әрине мақтанасын. Қазақ елі мақтанышқа тұрарлық ел. Әрине, осы жетістіктеріміз бәрі Елбасымыздың арқасында.

Отаным – Қазақстан туған елім,
Ойнап күліп ер жеткен туған жерім.
Өсе бер өркендей бер, Елім менің,
Ардақтап мәңгі мен сені өтермін.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Турганова Нурия

7 «Б» сынып , №2 орта мектеп
Қостанай облысы, Жітіқара қаласы
Жетекші: Дуйсенова Н.Б.
E-mail: naza_0000@mail.ru

Қазақ елі-жарқын болашақ!

Өзіңе бүгін қызыға елім қарадым,
Шалқытып көңіл,шарықтап енді барамын.
Тарихты ерте үңіліп еске аламыз,
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын.

Тәуелсіз 25 жыл сыйласын елге ғажабын,
Қаласыншы артта көрген бір ауыр азабың.
Саналы әрі ұлтжанды болып ұрпағың,
Шалқи бер мәңгі,шалқи бер мәңгі қазағым!
Өзіңе бүгін,толқытып жырды жазамын.

Иә, биыл тәуелсіз Қазақстан Республикасына 25 жыл! Сол үшін де биылғы жыл - ерекше жыл. Оның ерекшелігі - «Тәуелсіздік» деген қасиетті сөзде. Ғасырлар бойы қазақ халқы аңсаған еркіндік, өзін-өзі билеу, өзіндік өмір сүріп, тұрмыс құру, өзінің ұлттық, халықтық сана-сезімі, салт-дәстүрі, тарихы, діні, ділі қалайша қасиетті болмайды!?

Тәуелсіздік үшін күрес қанша қасиетті болса, сол күрес тарихы да, оның қаһармандырының есімдері де қасиетті. Сол арман күні кешеге дейін жалғасып, он жыл бұрын бақыт құсындай қолымызға қонды.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанды Тәуелсіз Республика деп жариялады. Екі жүз жылдай патшалық Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан егеменді ел болды.

Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз «Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Көптен күткен ұлы аман орындалды. Бұдан соң еліміздің сенім жүгін арқалап, өрге апарар басшысы сайланды. Ол Абылай хан заманынан кейін қолдан сусылдап түсіп кеткен тізгінді өз қолына алған Қазақстан Республикасының тұңғыш Елбасы - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын.

Сонымен қатар мемлекеттік рәміздеріміз де бекітілді. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Қазір туымыздың түсі көгілдір аспан түстес. Көк аспанның астында жарқыраған алтын күн. Алтын күн астында - қалықтаған қыран құс. Елтаңбамызда - қазақтың қара шаңырағы, ер қанатты-тұлпар, жарық жұлдыздар орналасқан. Әнұранда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, осы

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

күнге қалай жеткеніміз айтылады. Бұлардың барлығы да тәуелсіз елге сай белгілер.

Бүгінгі таңда бізді әлемнің көптеген елдері тәуелсіз ел деп танып отыр. Осының барлығы - біз үшін үлкен жетістік. Біздің осы жетістікке жетуімізге себепші болып отырған іскер азамат-ағалардың еңбегі.

Міне, біздер жер-ананың төсінде болашақтың ғажайып сәулелі күндеріне ұмтылған қазақстандықтарымыз. Жаңа ғасыр табалдырығынан нық қадаммен аттап, бүкіл ғасырға бет түзеген Қазақстанның келер күнге қосар үміті, алар үлесі мол деген ой әркімнің-ақ санасына берік орнаған дегенді бүгінде ашық айта аламыз. Өйткені тәуелсіздігін жариялап, өзге елмен терезесі тең түсер дәрежеге жеткен Қазақстанның бүгінгі күнде әрбір азаматының бойында үлкен күш-жігер бар. Алыстан көптен күткен жазымыз келіп, көк аспанда қалықтаған қыран сияқтымыз.

Бұл күнде көк аспанның астында, ұлан-ғайыр даламыздың төсінде емін-еркін өмір сүрудеміз.

Сан қилы тарихы бар Қазақстан осы бір егемендікті басынан кешірді десеңші?

Тәуелсіздік бізге өзінен өзі оңайлықпен келмеді. Қазақ халқы тәуелсіздік үшін сан рет азаматтық күреске шықты. Бұл жолда қазақ еліне ауыр тиген кездердің бірі-сонау жоңғар қалмақтарының қазақ жерін басып алу мақсатымен шабуыл жасауы еді. Қара құрттай қаптаған халық қалмақ халқының тұтқиылдан жасаған мейлінше қатал, жойқын шабуылына төтеп бере алмай өздерінің үй-жайын, атақонысын тастап, басып кетуге мәжбүр болды. Жаяу жүріп, табандары тоз-тоз болған қалың қазақ бұл кезенді ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама деп атады.

Осы кез қалмақтардың қазағымның алтын басын иіп, төрімізге өрлеген кезі еді. Алайда, елі үшін аянбай еңбек еткен асыл тұлғаларымыздың арқасында қазақ елі асау тұлпардай тулап, өз тізгінін бермеді.

Осы алып тұлғаларымыз қазақ батырлары еді. Олар: Қаракерей Қобанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, дана ханы Абылай. Міне, тәуелсіздікті аңсап, алты алаштың небір ұлы көсемдері мен шешендері дүниеден өтті емес пе?

Ал 1986 жылдың 16 желтоқсаны - қазағымның басындағы тағы бір ауыр күн. Бұл - тоталитарлық жүйе бұғауын үзген нағыз жастар қозғалысы болғаны бәрімізге аян.

Иә, сонау заманда өмір сүрген Қорқыт бабам мен мәңгілік жер ұйық іздеген Асан қайғының ұлы арманы орындалғанына жиырма бес жыл! Өне көгілдір байрағымыз желбіреп, алыстан елтаңбамыз көзге түсіп тұр. Қазір біз үшінші есігін айқара ашып, төріне еніп отырмыз. Осы жаңа ғасырда Қазақстанның болашағы жарқын боларына мен нық сенемін. Елдік пен ерендік үшін күреу-егеменді елдің ертеңі жас ұрпақтың, яғни біздің міндетіміз. Сол үшін ат салысайық, достар, - дей отырып

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елдігі үшін қазағым көпті жарайтты,
Ұмытпас мәңгі қайсарлы ұлын қайратты.
Тұғырлы болып,туымен терең жасасын,
Болсыншы елім әнұранымен айбатты, - деп тілек айтармын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Түрсүнбек Қалима

3 «А» сынып, №15 орта мектеп

Қостанай қаласы

жетекші: Омарова Ляззат Акбасовна

e-mail: omarova_laz@mail.ru

Тәуелсіздік - ел тірегі

«Пай, пай, пай! Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпендер!» - деп Мұқағали ақын жырлап
кеткендей, ең біріншіден, туған жеріміз Қазақстанға тағзым етемін.
Халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында да, одан кейінгі
кезеңдерде де, талай қиын күнді өткізді.

Білектің күшімен, найзаның ұшымен жерімізді қорғап, бізге аманат етіп
қалдырған ұлы даланың кемеңгерлерінің арқасында бақытты өмір кешудеміз.
Дүние есігін ашып, кіндік қаным тамған жерім, менің елім –Қазақстан! Туған
жері әр адамға ыстық. Туған жердің жүрегіңді елжіретер бір керемет қасиеті
бар. «Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы!» Неткен керемет,
киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан, Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет
екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді
елміз. Көк туымыз желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен
дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әнұранымыз асқақтай
шырқалуда.

Елімнің болашағына сенемін. Оған негіз - жас ұрпақтың ертеңге
ұмтылсы. Мен қазақ болып туылғаным үшін бақыттымын. Өйткені, мен
Тәуелсізбін! Тәуелсіз елдің патриотымын! Менің ойымша, Қазақстанның
әрбір азаматы осылай мақтануы тиіс. Себебі, менің елім Нұрлы жолда аяғын
адаспай анық басқан ел. Сондықтан, Қазақ елі мәңгі жасасын дегім келеді!

Ал, тәуелсіз ел әрқашан өз салтымен, дінімен және қасиетті тілімен
мәңгі жасайды. Қазір қазақ тілі ең бай тілдердің қатарында. Тіпті, кейбір
шетелдік азаматтар қазақ тіліне қайран қалады. Кейбіреулері жаттап алуға
талпынып жүр. Ұлы Абай, Ыбырай, Ахмет сөйлеген тіл шынымен де бай тіл.
Қазақша өлендерді, әңгімелерді, ертегілерді оқысаң, тілдің байлығына тәнті
боласың. Басқа елдің ақын-жазушыларын қазақша аударғанда да бұл керемет
құбылыс байқалады. Себебі, қазақ тілі – бай тіл. Әрбір сөзінің өзі терең
мағына береді.

Ақын Қадыр Мырза Әли «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»
деп айтып кеткен. Бір жолдың өзінде қаншама мағына жатыр. Ең біріншіден,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

шетелдерде жүргенде, сен өз еліңді тілің арқылы таныта аласың, Ол сені басқалардан ерекшелеп тұрады. Ал, өзге тілде керемет сөйлеп тұрғанмен, өз тіліңді білмесең, онда ол үлкен қателікпен тең. Сондықтан, қай жерде болсын, тілімізді құрметтеп, қастерлеп жүруіміз керек. Екіншіден, тіліңді білсең, сені де бәрі білетін болады. Ана тілің – сенің келбетің. Біз өз келбетімізді, түр сипатымызға қалай жанымыз ашыса, тілімізге де сондай ниетпен қарау керекпіз.

Өкінішке орай, қазір арамызда өз тілін білмейтіндер баршылық. Ол, әрине тәуелсіз ел үшін мақтанарлық жағдай емес. Тілді үйрену кішкентай кезден басталу қажет. Ол үшін үйде ата-әжемiз, ата-анамыз қазақша сөйлесуі керек. Ал, егер басқа тілде сөйлесе, онда кішкентай бала соған тез бейімделіп кетеді. Сондықтан, тілге деген тәрбиені отбасынан бастау керек. Қазақ тіліндегі балабақша, қазақ тіліндегі мектепке бару арқылы біз тілді мадақтаймыз, мәртебесін көтереміз. Ол аз десек, қазақ тілінде оқулық, журнал, газет, кітаптар оқуымыз керек.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім, - деп жырлап кеткен Мұқағали Мақатаев. Менің тілім – менің бақытым. Мен бақытымды қатты бағалаймын. Дүниеге қазақ болып келген соң, мен өз қазақ тілімді құрметтеп өтемін. Өз тілін білмейтін, тіліне салғырт қарайтын достарыма да барын жоғалтып алмасын дегім келеді. Себебі, тіл – біздің айнамыз, біздің келбетіміз. Тіл деген ол – сен. Өзіңді қалай сыйласаң, қалай сүйсең, тілді де солай мәртебеде ұстауымыз керек. Қасиетті тілім жоғалмасын. Тілімнің мәртебесі өсе берсін.

Тәуелсіздік туының желбірегеніне 25 жыл толды. Бүгін мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев та Қазақстанның биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Мен жас болсам да оны түсінемін. Менің елім қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет. Мен сол еліммен бірге алға баса беремін. Тілім жоғалмай, мәртебесі арта берсін. Мен еліммен бірге, тіліммен бірге мәңгі жасаймын. Қазақстанның осындай көшбасшысы болғанына мақтанамын. Мен тәуелсіз елдің патриотымын! Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде «Тәуелсіз елдің патриотымын!» деп айта бергім келеді.